RES 2026
REGIONAL ECOLOGICAL SUMMIT

Астанада өңірлік экологиялық саммит өтті. Саммиттің пленарлық отырысында Қазақстан Президенті Қасым-Жомарт Тоқаев сөз сөйледі. Сондай-ақ Қырғызстан Президенті Садыр Жапаров, Өзбекстан Президенті Шавкат Мирзиёев, Тәжікстан Президенті Эмомали Рахмон, Түрікменстан Президенті Сердар Бердімұхамедов, Армения Президенті Ваагн Хачатурян, Моңғолия Президенті Ухнаагийн Хурэлсух, Грузия Президенті Михаил Кавелашвили, Әзербайжан Премьер-министрі Али Асадов, БҰҰ Бас хатшысының экономикалық және әлеуметтік мәселелер жөніндегі орынбасары Ли Цзюньхуа, БҰҰ Бас хатшысының орынбасары, БҰҰ Қоршаған орта бағдарламасының директоры Ингер Андерсен, сондай-ақ БҰҰ Еуропалық экономикалық комиссиясының атқарушы хатшысы Татьяна Молчан жиынның ашылуында баяндама жасады.

№47
(4945)
Бейсенбі
23 сәуір
2026 жыл

ASTANA AQSHAMY

ELORDA AQPARAT

РЕСПУБЛИКАЛЫҚ ҚОҒАМДЫҚ-САЯСИ ГАЗЕТ

1990 ЖЫЛҒЫ 13 ҚАЗАННАН БАСТАП ШЫҒАДЫ



ӨТІНІМ ҚАБЫЛДАУ ЖАЛҒАСУДА


Елордада 2026 жылға арналған «Парыз» бизнестің әлеуметтік жауапкершілігі конкурсына өтінім қабылдау жалғасуда.

Ол кәсіпкерлердің қоғам алдындағы жауапкершілігін арттыруға және халықтың әлауқатын жақсартуға бағытталған. Конкурс «Үздік әлеуметтік жауапты кәсіпорын», «Еңбекті қорғау саласындағы үздік кәсіпорын», «Үздік ұжымдық шарт», «Экологияға қосқан үлесі үшін» сынды 4 номинация бойынша өтеді. Сондай-ақ «Жылдың үздік әлеуметтік жобасы» арнайы сыйлығы бар. Өтінім 2026 жылғы 1 шілдеге дейін қабылданады. Қатысу үшін құжаттарды hr.enbek.kz порталы арқылы тапсыру қажет.

ҚОСШЫҒА LRT ЖҮРЕДІ

Астана мен Қосшы арасындағы LRT желісінің құрылысы 2027 жылдың соңына дейін аяқталады.

Жоба қалаға күн сайын қатынайтын мыңдаған тұрғын үшін көлік жүктемесін азайтуды көздейді. Сонымен қатар 2026 жылы Шыңғыс Айтматов көшесі бағытында жаңа желі құрылысы басталады деп жоспарланған. Елорда тұрғындарына қоғамдық көлік қызметін көрсететін City Transportation Systems компаниясының мәліметінше, LRT бір күнде 45 мың адам тасымалдай алады.



ОРНЫҚТЫ ДАМУДЫҢ ОЗЫҚ БАСТАМАЛАРЫ

Президенттер мен шетелдік делегациялардың басшылары RES 2026 EXPO жасыл және орнықты технологиялар халықаралық көрмесіне барды.

Қазақстан, Армения, Грузия, Қырғызстан, Моңғолия, Тәжікстан, Түрікменстан, Өзбекстан президенттеріне және басқа да мәртебелі меймандарға Орталық Азия елдері мен Әзербайжанның павильондары таныстырылды. Мұнда жасыл энергетика мен табиғи ресурстарды басқару салаларындағы ұлттық басымдықтарға ден қойылған. Экспозициялар орнықты экожүйені сақтауға, қоршаған ортаны қорғау саласында ынтымақтастық орнатуға, экологиялық мәселелерді шешудің тың тәсілдерін қарастыруға, Арал маңын қайта қалпына келтіруге үндейді.

Мемлекет басшыларына аймақ елдеріндегі бизнестің экожобалары көрсетілді. Аталған бастамалар аясында компаниялар жасыл энергетика, экологиялық орта қалыптастыру және қалдықтарды қайта өңдеу бағыттарында өндірістік шешімдер ұсынады.

Көрме әлемнің 30 елінен келген 240-тан астам қатысушы мен халықаралық серіктестердің басын қосты. 120-дан аса павильонда орнықты даму саласындағы озық бастамалар көпшілік назарына ұсынылды. Мемлекет пен бизнес арасындағы диалог алаңына айналған инвестициялық форум ерекше маңызға ие.

Экспозицияда орнықты даму мен экологияның өзекті мәселелері талқыланатын халықаралық кездесулер, сарапшылар арасындағы пікірталастар өтіп жатыр. Сондай-ақ инновациялық жобалар мен жас кәсіпкерлерді қолдауға бағытталған «Жасыл» стартаптардың байқауы ұйымдастырылды. Меймандар аймақ елдері дизайнерлерінің туындылары мен экологиялық кино фестивалін тамашалай алады.

АЛМАҒА АТ БАЙЛАҒАН

6-7-БЕТТЕР | ӘДЕБИЕТ ӘЛЕМІ



ҚҰРДЫМҒА КЕТІРМЕЙ МЕ?

9-БЕТ | ӘЛЕУМЕТ

ҰЛТТЫҚ КІТАП КҮНІ: РУХАНИЯТ МЕРЕКЕСІ

23 сәуір – Қазақстанда Ұлттық кітап және Кітапханашылар күні. Атаулы күнге орай елордада «Astana Eurasian Book Fair-2026» IX халықаралық кітап көрме-жәрмеңкесі басталып, қаламгерлер мен оқырмандардың, баспагерлердің басын қосты. Биылғы кітап көрмесіне 15 елдің өкілдері келген. Ауқымды мәдени іс-шара аясында мыңдаған кітап ұсынылып, жаңа туындылардың тұсаукесері, авторлармен кездесулер мен түрлі әдеби іс-шаралар ұйымдастырылуда.



ВАЛЮТА БАҒАМДАРЫ € EUR/KZT 553.75 $ USD/KZT 469.52 ₽ RUB/KZT 6.15 ¥ CNY/KZT 68.82

t.me/elordainfo

www.astana-akshamy.kz

№47 (4945) 23/04/2026 Бейсенбі



ЖЕР ШАРЫН ҚОРҒАУ – ОРТАҚ МІНДЕТ

ҚАЗАҚСТАН ПРЕЗИДЕНТІ ҚАСЫМ-ЖОМАРТ ТОҚАЕВ «ТҰРАҚТЫ БОЛАШАҚ – ОРТАҚ КӨЗҚАРАС» ӨҢІРЛІК ЭКОЛОГИЯЛЫҚ САММИТІНДЕ СӨЗ СӨЙЛЕДІ

ҚҰРМЕТТІ МЕМЛЕКЕТТЕР БАСШЫЛАРЫ, ҮКІМЕТ ЖЕТЕКШІЛЕРІ!
ҚАДІРЛІ ҚАТЫСУШЫЛАР!
ХАНЫМДАР МЕН МЫРЗАЛАР!

Сіздерді Өңірлік экологиялық саммит төрінде қарсы алу – мен үшін зор мәртебе. Осы жиында Орталық Азия мен Кавказ мемлекеттерінің басшыларын көргеніме қуаныштымын. Құрметті әріптестер, Сіздерге зор алғыс айтамын!

БҰҰ-мен ынтымақтастық аясында өтіп жатқан форумға Сіздердің қатысуларыңыз іс-шараның мән-маңызын арттыра түседі.

Шын мәнінде, бүгін – Жер күні. Осы орайда планетамызды қорғауға жауапкершілікпен қарайтынымызды тағы да бір мәлімдеу үшін бас қосып отырмыз. Орнықты даму үшін ортақ көзқарас қалыптастыру өзекті әрі аса маңызды. Мұны өңір елдері терең түсінеді.

Қазіргі экология тек климат мәселесімен шектелмейді. Бұл – адамзат тіршілігінің түп негізі. Яғни әңгіме таза ауа мен сапалы суға, бүлінбеген топырақ пен сенімді азық-түлік жүйесіне, қоғамның тұрақтылығына және ұрпақтың келешегіне қатысты болып отыр. Жалпы ақыл-ойдың тұнықтығы, қоғамдағы үйлесім мен адами бақыт та осыған саяды. Ал экология дегеніміз – Жер бетіндегі тіршілікке жауапкершілікпен қарайтын саналы өмір салты. Сондықтан бүгінгі саммит дер кезінде ұйымдастырылып отыр.

Бауырлас елдердің көшбасшыларына – Өзбекстан Президенті Шавкат Мирзиёевке, Қырғызстан Президенті Садыр Жапаровқа, Тәжікстан Президенті Эмомали Рахмонға, Түрікменстан Президенті Сердар Бердімұхамедовке, елімізге мемлекеттік сапармен келген Моңғолия Президенті Ухнаагийн Хурэлсухке, Армения Президенті Ваагн Хачатурянға, Грузия Президенті Михаил Кавелашвилиге, сонымен қатар Ресейден, Әзербайжаннан, Беларусьтен, Сербиядан, Пәкістаннан және басқа да көптеген мемлекеттен келген жоғары мәртебелі мейман-дарға форумға қатысқаны үшін алғыс айтамын.

Біріккен Ұлттар Ұйымы агенттіктерінің, Қоршаған ортаны қорғау жөніндегі конвенцияның, қаржы мекемелерінің, үкіметтік емес ұйымдардың басшылары мен өкілдерін және өзге де халықаралық серіктестерімізді, сарапшыларды, ғалымдарды, академиялық қауымды осы алаңда көргеніме қуаныштымын. Сондай-ақ ұйымдастырушыларға, еріктілерге, техникалық және логистикалық топқа, саммиттің өтуіне аянбай атсалысқан барша азаматқа ризашылық білдіремін.

ҚҰРМЕТТІ ҚАТЫСУШЫЛАР!

Біз беталысы беймәлім аумалы-төкпелі кезеңде жүздесіп отырмыз. Мұның зардабы өңірлік және жаһандық тұрақтылыққа, миллиондаған адамның тұрмыс сапасына қаншалықты ауыр тиіп жатқанын егжей-тегжейлі айтудың қажеті жоқ. Соның салдарынан даму жолындағы күш-жігер, күрмеуі қиын экологиялық проблемаларға жұмсалуға тиіс ресурстар зая кетіп жатыр.

Бұл ретте халықаралық қоғамдастық ерекше рөл атқарады. Сексен жыл бұрын құрылған Біріккен Ұлттар Ұйымы әлі күнге баламасы жоқ, әмбебап диалог алаңы екені сөзсіз. Алайда одан бері әлем түбегейлі өзгеріске ұшырады. Жасанды интеллект бүкіл адамзат санасын жаулап, күнделікті өмірге дендеп енді.

Халықаралық құқықтың негізі саналатын БҰҰ Жарғысының бұлжымас беріктігі туралы жиі айтылады. Әйтсе де, ол қалауыңа қарай тапсырыспен алдыратын жеңсік ас емес. Керісінше, БҰҰ Жарғысын біртұтас, жан-жақты құжат ретінде қабылдау керек. Оның ережелері дәл сол қалпында танылып, мүлтіксіз сақталуға тиіс. Сол себепті БҰҰ және басқа да ірі халықаралық ұйымдар ауқымы мен сипаты жағынан бұрын-соңды болмаған әрі болжауы қиын өзгерістер дәуіріне қадам басқан қазіргі әлемнің ақиқатын қаперге алғаны жөн. Біз БҰҰ Жарғысындағы қағидаттарды халықаралық қарулы қақтығыстарға қатысты өз ыңғайымызға қарай қолданудан аулақ болуымыз қажет. Сонымен қатар көпжақты институттарға деген сенімге селкеу түспеуі керек. Дегенмен маңызды халықаралық мәселелерді шешуге олардың абырой-беделі жетпей жатқаны өкінішті.

Менің ойымша, экология мәселесінде таңдаулыларға басымдық беру – әбестік. Көп жағдайда экологиялық күн тәртібін әзірлеу немесе қалыптастыру барысында түрлі аймақтар мен елдердің, әсіресе, экономикалық әлеуетін нығайтуға ден қойған дамушы мемлекеттердің қажеттіліктері мүлдем ескерілмейді. Алайда дамыған елдер қазіргі экологиялық стандарттарға индустрияландырудың ұзаққа созылған үдерісінің нәтижесінде жеткенін естен шығармайық. Сондықтан жаһандық экологиялық модельге көшу үрдісі әділ, теңгерімді және ынталандырушы сипатта өрбуге тиіс.

Баршамыз ақылға қонымды, мұқият ойластырылған прагматикалық тәсілге жүгінуіміз керек. Сонда ғана мемлекеттер орнықты даму қағидаттарына сай алға жылжып, өзінің экономикалық өсімі мен прогресіне қауіп төндірмейді.

Қоршаған ортаны қорғау саласындағы ынтымақтастық бізді бөлмей, керісінше бір мақсатқа біріктіруге тиіс. Ол серіктестікке, өзара сенім мен жауапкершілікке негізделуі керек. Ешкім бір-бірін жария түрде айыптамауы, өзгеден мін іздемеуі қажет. Бейбітшілік пен орнықты дамуға мүдделі серіктестер ретінде жауапкершілікті сезініп, нақты әрекет еткеніміз дұрыс.

ҚҰРМЕТТІ ҚАТЫСУШЫЛАР!

Табиғат геосаясатсыз тіршілік ете береді, ал геосаясаттың табиғатсыз күні қараң. Елдеріміз тұтас экожүйеде өмір сүреді. Өзен-көлдер де, табиғи ландшафттар да, климаттың қауіп-қатерлері де баршамызға ортақ. Ең бастысы, жауапкершілікті теңдей бөлісеміз.

Орталық Азия мен көршілес аймақтар ұқсас экологиялық сын-қатерлерге тап келді. Атап айтқанда:

– су тапшылығы мен су ресурстарын тиімсіз басқару;
– шөлейттену;
– мұздықтардың еруі;
– ауаның ластануы;
– биоалуантүрліліктің жойылу қаупі.

Мен ең негізгі сын-қатерлер мен проблемалардың мәнін ашып, әдейі түстеп отырмын. Өйткені күш жұмылдыру арқылы аталған мәселелерді шешуде оң нәтижеге жетеміз. Бұған кәміл сенемін.

Жетістіктерге тоқмейілсіп отыратын заман өтті, шешім қабылдайтын уақыт келді.


Қазақстан экологиялық жауапкершілік мәселесіне заңнамалық деңгейде айрықша мән береді.

Жаңа Конституциямызда қоршаған ортаны қорғау мемлекеттік саясат пен азаматтық жауапкершіліктің негізгі қағидаттарының бірі ретінде айқындалды. Яғни біз үшін экологиялық қауіпсіздік пен өсіп-өркендеу жай ғана мәселе емес. Ол ұлттық сана-сезімнің ажырамас бөлігі және ұзақмерзімді даму стратегиясының арқауы ретінде қарастырылады.

Қазақстан:

– экологиялық таза энергия өндірісіне көшу;
– биоалуантүрлілікті қорғау;
– тозған жерлерді қалпына келтіру;
– су ресурстарын басқару жүйелерін жетілдіру;
– су үнемдеу саясатын енгізу;
– қоршаған ортаны қорғау саласындағы өңірлік ынтымақтастықты нығайту бағыттарындағы шараларды қолға алды.

Әлбетте, ешбір ел жалғыз жортып, табысқа жете алмайды. Сондықтан аймақтық және жаһандық деңгейде күш жұмылдыруға баса мән береміз.



Біз аталған міндетті нақты іс, жаңа технологияларды игеру және тұрақты дамуға ұзақмерзімді инвестиция салу арқылы орындаймыз.

Әділ және теңқұқылы энергетикалық модельге көшу негізгі басымдық саналады.

Қазіргі уақытта Қазақстанда электр қуатының 7 пайыздан астамы жаңартылатын энергия көздерінен алынады. 2030 жылға қарай бұл көрсеткішті 15 пайыздан асыруды жоспарлап отырмыз.

Біз мұнай-газ қоры мол мемлекеттердің қатарына кіреміз. Соған қарамастан, еліміз орнықты энергетика мақсаттарынан айнымайды.

Әлемдік уран экспортының шамамен 40 пайызын қамтамасыз ететін Қазақстан көміртексіз электр энергетикасын дамытуды құптайды.

Бүгінде алғашқы атом электр станциясының жобасын пысықтап жатырмыз. Сонымен қатар «таза көмір» технологиясы негізінде жылу электр станцияларын жаңғыртуды қолға алдық. Осылайша, ірі энергетикалық нысандардан ауаға тарайтын зиянды шығарындыларды 35 пайызға азайтамыз.

Су қауіпсіздігі – Қазақстан ғана емес, бүкіл Орталық Азия үшін аса маңызды мәселе. Болашағымыз тіршілік нәрін қаншалықты ұтымды әрі әділ пайдалана алатынымызға байланысты.

Арал теңізі салғырттықтың салдары қандай қасіретке әкеліп соғатынын еске салып тұрады. Сондай-ақ ол батыл әрі ғылыми негізі бар жүйелі шаралардың арқасында қандай нәтижеге жетуге болатынын көрсетеді.

Бүгінгі таңда Солтүстік Аралдың 36 пайызға жуығы қайта қалпына келді. Судың сапасы жақсарып, балық қоры молайды, маңайдағы елді мекендердің тұрмыс-тіршілігіне қан жүгірді.

Бүгін Халықаралық Аралды құтқару қорының жоғары деңгейдегі кезекті отырысын өткіземіз. Жиын барысында әріптестерімізбен бірге Қазақстанның осы ұйымға үш жылдық төрағалығын қорытындылаймыз.

Сонымен қатар еліміз Каспий теңізінің тағдырына да алаңдайды. Теңіз айдынын қорғау – аймақта экологиялық тепе-теңдік пен биоалуантүрлілікті сақтау, орнықты дамуды қамтамасыз ету тұрғысынан айрықша маңызды. Осы орайда Қазақстан Каспий теңізінің тартылуына жол бермеу үшін мемлекетаралық бағдарлама қабылдау жөнінде бастама көтерді, Каспий теңізі ғылыми-зерттеу институтын құруға ұйытқы болды. Аталған мекеме өңірлік деңгейдегі ғылыми ынтымақтастықты дамытуға ықпал етеді.

Барша мүдделі халықаралық тараптарды табиғаттың осынау асыл қазынасын сақтау жолында күш-жігер біріктіруге шақырамыз.

Каспий маңында қарулы күштердің қолданылуына жол беруге болмайды. Оған қатаң тыйым салынуға тиіс.

Өңірлік деңгейдегі бастамалардан




бөлек, біз су ресурстары саласында жаһандық ықпалдастықты кеңейтуге басымдық береміз.

Былтыр желтоқсан айында Ашхабадта БҰҰ агенттігі ретінде қызмет ететін Халықаралық су ұйымын құру жөнінде ұсыныс жасадым. Аталған бастама өте өзекті. Өйткені қазіргі кезде БҰҰ жаһандық басқарудың бірізділігі мен тиімділігін арттыру үшін мыңдаған мандатты қайта саралап жатыр. Бүгінгі саммит аясында бұл ұсынысқа қатысты халықаралық консультациялардың бірінші кезеңі өтетініне қуаныштымын.

Биоалуантүрлілікті сақтау – экологиялық саясатымыздың негізгі бағыттарының бірі. Табанды еңбек нәтиже берді. Жойылу қаупі төнген ақбөкендер қайта көбейді. Қазақстандағы қар барысының саны екі есе ұлғайып, 190-ға жетті. Халықаралық серіктестермен бірлесіп, басқа да сирек кездесетін жан-жануарлардың, атап айтқанда, сұңқарлардың, Тұран жолбарысының және Пржевальский жылқысының популяциясын қалпына келтіруге кірістік.

Орман алқаптарын ұлғайту Қазақстанның экологиялық күн тәртібіндегі басым міндеттерінің біріне айналды. Соңғы бес жылда бір миллион гектардан аса аумаққа 1,5 миллиардтан астам ағаш ектік. Соның ішінде шөлейттену үдерісін бәсеңдету мақсатында өзбек мамандарымен бірге Арал теңізінің табанына сексеуіл отырғыза бастадық.

Қазақстан барлық серіктестерін Сирек кездесетін жан-жануарлар түрлері мен биоалуантүрлілікті сақтау халықаралық қорына мүше



болуға шақырады. Мемлекетаралық ынтымақтастық алаңында ғылыми зерттеулер жүргізіліп, экожүйелерді қорғаудың тиімді шешімдері әзірленеді.

Бұдан бөлек, біз «Таза Қазақстан» жалпыұлттық қозғалысына бастамашы болдық. Халықтық сипат алған науқанның мақсаты – экологиялық сана қалыптастыру, азаматтық жауапкершілікті арттыру. Қозғалысқа миллиондаған ерікті қосылды. Менің ойымша, олар – Қазақстанның нағыз патриоттары. Өйткені дәл осылай еңбек етіп, ортақ мүддеге үлес қосу – елінің келешегін ойлайтын азаматтардың ғана қолынан келетін ізгі іс.

Біріккен Ұлттар Ұйымының шешімімен биыл Халықаралық еріктілер жылы деп жарияланды. Тұрақты даму мүддесіне сай келетін бұл бастаманы толық қолдаймыз.

Еліміздің жаңа Ата заңында волонтерлік қызметке айрықша мән беріліп, оларға мемлекет тарапынан қолдау көрсетілетіні нақты жазылған.

Биыл – Қазақстанда Цифрландыру және жасанды интеллект жылы. Жасанды интеллект көмегінсіз экологиялық мәселелерді оңтайлы шешу мүмкін емес екені анық. Аталған технология табиғи ресурстарды қорғау, экологиялық басқаруды жетілдіру ісінде мол мүмкіндікке жол ашады. Сондықтан біз Аймақтық цифрлық экожүйе құру бастамасын қолдауға әзірміз.

ҚҰРМЕТТІ ҚОНАҚТАР!

Жер шарын қорғау – ортақ міндетіміз. Бүгінгі саммит бізге осыны көрсетеді. Таразы басында адамзаттың, ең алдымен, өскелең ұрпақтың болашағы тұр. Бұл – жай ғана экологиялық мақсат емес, керісінше, адами парыз, экономикалық қажеттілік, бейбітшілік пен тұрақтылықты сақтау мақсатындағы стратегиялық басымдық. Осы орайда орнықты келешек қалыптастыруда мынадай негізгі қағидаттарға арқа сүйеген жөн:

– халқымыз бен болашақ ұрпақ алдындағы жауапкершілік;

– шекара мен шектеуге бөлінбейтін ынтымақтастық;

– ресурстарға, технологиялар мен мүмкіндіктерге теңдей қол жеткізетін әділеттілік;

– нәтижесі көзге көрінетін нақты шаралар;


– ауқымы мен даму деңгейіне қарамастан елдер арасындағы бірлік.

Саммит барысында Орталық Азиядағы экологиялық ынтымақтастық жөніндегі Астана декларациясы және бірқатар маңызды келісім қабылданады. Бұл біздің аталған қағидаттарды берік ұстанатынымызды және аймақтық экологиялық серіктестікті нығайтуға қадам басқанымызды дәлелдейді.

Бүгінгі талқылаулардың мазмұнды әрі бірлескен нақты бастамаларға негіз болатынына сенімдімін. Осылайша, халықтарымыздың игілігіне қызмет ететін баянды болашақтың іргесін қалаймыз.

Қасым-Жомарт Тоқаев Өңірлік экологиялық саммитке және Халықаралық Аралды құтқару қоры құрылтайшы мемлекеттері кеңесінің отырысына қатысу үшін Астанаға келген Тәжікстан Президенті Эмомали Рахмонмен кездесті.

СЕЛБЕСТІК КҮШЕЙЕДІ, СЕНІМ НЫҒАЯДЫ



Мемлекеттер басшылары қазақ-тәжік қарым-қатынасының қазіргі жай-күйі мен перспективасын талқылап, екі ел арасындағы стратегиялық серіктестік деңгейін көтеруге келісті.

Әңгімелесу барысында сауда-экономика және су-энергетика салаларындағы ынтымақтастыққа ерекше назар аударылды. Тараптар бұған дейін жоғары деңгейде қол жеткізілген уағдаластықтарды толық іске асыру маңызды екенін атап өтті. Сондай-ақ Қасым-Жомарт Тоқаев пен Эмомали Рахмон өңірлік және халықаралық күн тәртібіндегі өзекті мәселелер жөнінде пікір алмасты.

ЖАҢАША ҚАРҚЫН АЛҒАН ЫНТЫМАҚТАСТЫҚ

Астанада өтіп жатқан Өңірлік экологиялық саммит аясында Қасым-Жомарт Тоқаев Михаил Кавелашвилимен кездесті. Тараптар қазақ-грузин қарым-қатынасының қазіргі жай-күйі мен даму перспективасын қарастырды.



Мемлекет басшысы Грузия Қазақстанның Оңтүстік Кавказдағы маңызды әрі сенімді серіктесі саналатынын атап өтіп, өзара ықпалдастыққа тың серпін беруге дайын екенін растады.

Президенттер тың қарқын алғанына мән беріп, сауда-экономикалық байланыстарды арттыру қажеттігін айтты. Кездесуде бірлескен инфрақұрылымдық және инвестициялық жобаларды жүзеге асыру, іскер ортаның аясын кеңейту, сондай-ақ екі елдің көлік-транзит әлеуетін тиімді пайдалану мәселелері пысықталды.

Қасым-Жомарт Тоқаев пен Михаил Кавелашвили жаһандық және өңірлік күн тәртібі жөнінде пікір алмасты.

№47 (4945) 23/04/2026 Бейсенбі



СЕРІКТЕСТІККЕ – СОНЫ СЕРПІН

МОҢҒОЛИЯ ПРЕЗИДЕНТІНІҢ ҚАЗАҚСТАНҒА САПАРЫ НӘТИЖЕЛІ БОЛДЫ

Ақордада Қазақстанға мемлекеттік сапармен келген Моңғолия Президенті Ухнаагийн Хурэлсухты салтанатты қарсы алу рәсімі өтті. Мемлекеттер басшылары делегация мүшелерін таныстырған соң, Құрмет қарауылының бастығы рапорт беріп, екі елдің әнұраны орындалды. Бұдан кейін Қазақстан мен Моңғолия президенттері шағын құрамда келіссөз жүргізу үшін «Шығыс» залына барды.

Қасым-Жомарт Тоқаев Ухнаагийн Хурэлсухтың сапары екі ел арасындағы достық қарым-қатынасты дамытуға тың серпін беретініне сенім білдірді.

– Біз тарихы ортақ, тамыры бір бауырлас елдерміз, көшпенді халықтардың ұрпағымыз. Қазақ пен моңғол – ғасырлар бойы іргесі бөлінбеген көршілер. Халықтарымыздың өмір салты, әдет-ғұрпы өте ұқсас. Қазір де осы мәңгі құндылықтарды арқау етіп келеміз. Бүгінде ықпалдастығымыз стратегиялық серіктестік рухында дамуда. Мемлекетаралық, парламентаралық және үкіметаралық байланыстарымыз нығаюда. Құрметті Президент мырза, Сіз екіжақты қарым-қатынасымызды жаңа деңгейге көтеруге зор үлес қосып келесіз. Мұны жоғары бағалаймыз. Қажырлы еңбегіңіздің арқасында Моңғолияда көптеген оң өзгеріс болып жатыр. Былтыр еліңіздің экономикасы 6,8 пайызға өсті. Бұл Сіздің салиқалы басшылығыңыздың жемісі екені сөзсіз. Сіз халқыңыздың әл-ауқатын жақсарту үшін маңызды бастамаларды жүзеге асырдыңыз. Моңғолияда мемлекетті дамытуға арналған «Vision-2050» кешенді жоспары қолға алынғанын білеміз. Сондай-ақ Қарақорым атты жаңа қала салуды бастап кеттіңіздер. Бірегей жобалардың табысты болуына тілектеспіз. Сарабдал саясатыңыздың арқасында Моңғолияның халықаралық беделі арта түсті. Біз бауырлас елдің барлық жетістігіне қуанамыз, – деді Мемлекет басшысы.

Моңғолия Президенті елімізде дәстүрлі қонақжайлық танытып, құрмет көрсеткені үшін Қасым-Жомарт Тоқаев пен қазақ халқына ризашылық білдірді.

– Араға жиырма жыл салып Қазақстанға мемлекеттік сапармен келгеніме қуаныштымын. Сіздің осыдан екі жыл бұрын біздің елімізге жасаған мемлекеттік сапарыңыз моңғол-қазақ қарым-қатынастарын стратегиялық серіктестіктің жаңа деңгейіне көтерді. Бұл уақиға екіжақты байланыстар тарихына алтын әріппен жазылатыны сөзсіз. Құрметті Президент мырза, Сіздің көреген, парасатты және жоғары кәсіби басшылығыңыздың арқасында Қазақстан экономикалық және әлеуметтік салаларды дамытуда айтарлықтай табысқа жетті. Моңғол халқы еліңіздің жетістіктерін жіті бақылап отыр. 2024 жылғы Моңғолияға сапарыңыз барысында оннан астам құжатқа қол қойылды. Бүгін де бірқатар маңызды құжаттар қабылданды, – деді Ухнаагийн Хурэлсух.

КЕҢЕЙТІЛГЕН ҚҰРАМДА КЕЛІССӨЗ ЖҮРГІЗДІ

Қасым-Жомарт Тоқаев пен Ухнаагийн Хурэлсухтың келіссөзі ресми делегация мүшелерінің қатысуымен кеңейтілген құрамда жалғасты. Тараптар екі елдің сан қырлы ынтымақтастығы достық пен өзара қолдау рухында дамып келе жатқанына назар аударды.

Президент шақыруын қабыл алып, елімізге мемлекеттік сапармен келгені және Аймақтық экологиялық саммитке қатысуға ниет білдіргені үшін Моңғолия Президентіне алғыс айтты.

Былтыр Қазақстан мен Моңғолия арасындағы сауда көлемі 7,7 пайызға өсіп, 130 миллион доллардан асқан.

Өз кезегінде Ухнаагийн Хурэлсух бұл сапар нәтижесінде қос халықтың достығы мен сан қырлы ынтымақтастығы нығая түсетініне сенім білдіріп, Қазақстанды Моңғолияның Орталық Азиядағы алғашқы стратегиялық серіктесі деп атады.

– Достық қатынастарды одан әрі күшейтуге, сондай-ақ сауда-экономикалық ынтымақтастығымыздың аясын кеңейтуге сыртқы саясатымызда ерекше басымдық береміз. Соңғы екі жылда көптеген ортақ міндеттерді қолға алып, өзара серіктестігімізді жаңа деңгейге көтердік. Екі ел арасындағы сенімді байланыстарды нығайтуда заң шығарушы органдар айрықша рөл атқарады. Өзара серіктестік әлеуеті зор. Сіздің 2024 жылғы елімізге сапарыңыз аясында Моңғолия мен Қазақстан арасындағы сауда-экономикалық ынтымақтастықты жандандыру бойынша 2025-2027 жылдарға арналған жол картасына қол қойылған еді. Ендігі міндет – өзара тауар айналымын 500 миллион долларға дейін жеткізу, – деді Моңғолия Президенті.

Ухнаагийн Хурэлсух Қазақстан Президентін жаңа Конституцияны қабылдау бойынша жалпыұлттық референдумның табысты өтуімен құттықтап, бұл тарихи уақиға Қазақстанның өсіп-өркендеуіне, заң үстемдігіне негізделген қоғам құруға негіз болатынына сенім білдірді.

Келіссөз барысында тараптар ауыл шаруашылығы, жеңіл өнеркәсіп, цифрландыру, тау-кен, туризм, көлік-логистика, өңірaралық байланыс бағыттарындағы өзара тиімді серіктестік перспективасын талқылады.

Мемлекеттер басшылары бұл ретте Үкіметаралық комиссияның жұмысын жандандыру, Астана – Ұлан-Батыр, Өскемен – Өлгей бағыттарындағы әуе рейстерін қайта ашу, екі ел арасында төте автокөлік жолын салу мәселесін пысықтау мақсатында Үкіметаралық жұмыс тобын құрудың маңызына мән берді.

Қазақстан Президенті Баян-Өлгей аймағында Қазақстан консулдығын ашуға көрсеткен қолдауы үшін Моңғолия Президентіне алғыс айтты.

Бұдан бөлек, кездесуде екі елдің білім беру, мәдениет және туризм салаларындағы ынтымақтастығын ілгерілету мәселесі қарастырылды. Келіссөз қорытындысы бойынша екі елдің ресми делегация мүшелері қол қойылған құжаттармен алмасты.

БРИФИНГТЕ НЕ АЙТЫЛДЫ?

Мемлекет басшысы Моңғолияны аймақтағы маңызды серіктес әрі тату көрші ретінде атап, Президент Ухнаагийн Хурэлсухтың елімізге сапарына айрықша мән беріп отырғанын айтты.

– Біздің тарихымыз бен тамырымыз ортақ. Екі ел де көшпенділер өркениеті мен «киіз үйлер» мәдениетінің мұрагері саналады. Қос халықтың болмысы мен рухани дүниесі, өмір салты мен әдет-ғұрпы үндес. Сондықтан біз әрдайым бір-бірімізге тілектес болып, жетістіктерімізге шынайы қуанамыз. Соңғы жылдары Қазақстан мен Моңғолияның қарым-қатынасы тың қарқынмен дамып келе жатыр. Осыдан бір жарым жыл бұрын Моңғолияға мемлекеттік сапармен барғанымды білесіздер. Қадірлі Президент Ухнаагийн Хурэлсух мырзаның және барша моңғол халқының ықылас-ілтипатын әрдайым ризашылықпен еске аламын. Сол сапар барысында Стратегиялық әріптестік туралы декларацияға қол қойдық. Бұл – мыңжылдық бауырластығымызды биржола бекіте түскен тарихи құжат. Қазіргі таңда екі елдің парламенттері мен құзырлы министрліктері тығыз байланыс орнатқан. Үкіметаралық комиссия және Іскерлік кеңес табысты жұмыс істеп келеді. Президент Хурэлсухтың бүгінгі сапары осы ынтымақтастықты нығайта түсері анық, – деді Қазақстан Президенті.

Тараптар екіжақты қарым-қатынастың барлық бағыты бойынша мазмұнды әрі нәтижелі келіссөздер жүргізген.

Мемлекет басшысының айтуынша, келіссөз барысында көлік-тасымал саласындағы ынтымақтастыққа баса мән берілген.

– Жол екі ел арасындағы өзара байланыс көзі, тығыз қарым-қатынас кепілі екені белгілі. Біз бұл мәселенің аса өзекті екенін жақсы түсініп отырмыз. Сондықтан Хурэлсух мырза екеуміз Қазақстан мен Моңғолия арасында төте жол ашуға мүдделі екенімізді растадық. Кездесу барысында елдерімізді жалғайтын автокөлік жолын салу жөнінде ортақ келісімге қол жеткіздік. Бұл – әрине, жан-жақты сарaптап, мұқият зерделеуді қажет ететін күрделі мәселе. Десек те, ең бастысы, жол құрылысы бойынша мақсатымыз – бір. Сол себепті біз құрметті Президент мырзамен жасалған уағдаластыққа сәйкес алдымен бірлескен Үкіметаралық жұмыс тобын құру туралы шешімге келдік. Аталған жұмыс тобы осы мәселе бойынша барлық түйткілді қарайды, көршілес елдермен келіссөздер жүргізеді және жалпы жобаның уақытылы орындалуын қадағалайды. Алдағы уақытта Қазақстан – Моңғолия автожолы елдеріміздің арасындағы сауда-саттықты арттыруға ерекше серпін беретіні анық. Бұл жолдың игілігін іргелес елдер де көретін болады. Баршаңызға мәлім, мен былтыр Қытайда өткен Шанхай ынтымақтастығы ұйымының саммитінде «Трансалтай сұхбат алаңын» құруды ұсындым. Алтайдың төрт жағын мекен еткен мемлекеттердің сауда, көлік-логистика, туризм, мәдениет саласындағы мәселелер бойынша ортақ мәмілеге келуіне толық мүмкіндік бар. Осы ретте төрт елдің көлік-логистика әлеуетін бір арнаға тоғыстырып, бірлесе жұмыс істей аламыз. Бұл қадам алыс-берісті ғана емес, «Алтай» бірегей туристік кластерін дамытуға жол ашады. Сонымен бірге әуе қатынасын жандандыру маңызды. Қазір «Алматы – Ұлан-Батыр» бағытында тұрақты рейстер бар. Көп ұзамай «Астана – Ұлан-Батыр» әуе қатынасы қайта ашылады. Бұдан бөлек, біз осы сапар аясындағы келіссөздер нәтижесінде «Өскемен – Өлгей» бағыты бойынша әуе қатынасын орнату жөнінде нақты келісімге келдік. Бұл маңызды шешімнің арқасында ынтымақтастығымыз одан әрі нығайып, аймақаралық байланыстарымыз тың серпінмен дами түсері сөзсіз. Бұл тұста да Моңғолия елінің басшысы – құрметті Хурэлсух мырзаға және моңғол тарапынан осы мәселені шешуге атсалысқан барша азаматқа алғыс айтамын, – деді Қазақстан Президенті.

Қасым-Жомарт Тоқаев Моңғолиямен ықпалдастықтың перспективті бағыттарына тоқталды. Сонымен қатар Қазақстан мен Моңғолия президенттері мәдени-гуманитарлық байланысты талқылаған.

– Былтыр Астанада өткен «Silk Way Star» халықаралық вокалдық конкурсында Моңғолияның Мишель атты әншісі бірінші орын алып, көрерменнің ыстық ықыласына бөленді. Мұндай жобалар халықтарымыздың ғасырлар бойы қалыптасқан рухани байланысын бекемдейтіні сөзсіз. Сондай-ақ елдеріміздің білім-ғылым саласындағы ынтымақтастығын нығайтуға мол мүмкіндік бар, – деді Қазақстан Президенті.

Мемлекет басшысы Қазақстан жыл сайын моңғол азаматтарына білім гранттарын бөліп келе жатқанына назар аударды.

Қасым-Жомарт Тоқаев Моңғолия Президентінің Қазақстанға мемлекеттік сапары өте нәтижелі өтіп жатқанын айтты.

Ухнаагийн Хурэлсух келіссөздерге жоғары баға берді.

«АЛТЫН ҚЫРАН» ОРДЕНІМЕН МАРАПАТТАДЫ

Мемлекет басшысы тарихи сапар аясында марапаттау рәсімін өткізу қазақ тарапы үшін зор мәртебе екенін атап өтті.

– Біз Сізді өз халқын алға бастап келе жатқан парасатты, білікті, ірі саясаткер деп білеміз, сыйлаймыз. Моңғолияны көркейту жолындағы қажырлы еңбегіңізді жоғары бағалаймыз. Салиқалы саясатыңыздың арқасында еліңіз өсіп-өркендеп келеді. Өзіңіздің бастамаңызбен түрлі салада тың жобалар жүзеге асырылып жатыр. Моңғолияның экономикасы дамып, халқыңыздың әл-ауқаты жақсарды. Сонымен қатар еліңіздің аймақтағы және әлемдегі беделі арта түсті. Сіздің басшылығыңызбен моңғол жұрты алдағы уақытта да биік белестерді бағындыра беретініне кәміл сенеміз. Сіз қазақ-моңғол қарым-қатынасын нығайтуға зор еңбек сіңірдіңіз. Осыған орай, мен Өзіңізді Қазақстан Республикасының ең жоғары мемлекеттік наградасы – «Алтын Қыран» орденімен марапаттау туралы шешім қабылдадым. Бұл награда – барша қазақ халқының Сізге және бауырлас моңғол жұртына деген ерекше құрметінің белгісі. Қазақстан мен Моңғолияның достығы мәңгі болсын! – деді Мемлекет басшысы.

Ухнаагийн Хурэлсух Қасым-Жомарт Тоқаевқа жоғары марапат тапсырғаны үшін алғыс айтып, Қазақстанмен достық қарым-қатынасты одан әрі дамыту жолында барынша күш-жігер жұмсауға дайын екенін жеткізді.

№47 (4945) 23/04/2026 Бейсенбі

ҚАЛДЫҚТАРДЫ КӘДЕГЕ ЖАРАТУ МӘСЕЛЕСІ ТАЛҚЫЛАНДЫ

Қазақстан Республикасының Премьер-министрі Олжас Бектенов Аймақтық экологиялық саммит-2026 іс-шарасына қатысу үшін Астанаға келген қытайлық Shenzhen Energy Environment Co., Ltd компаниясының директорлар кеңесінің төрағасы Ван Ганмен кездесу өткізді.



Онда еліміздің жаңа Конституциясында бекітілген қоршаған ортаны қорғау жөніндегі нормаларға және Мемлекет басшысының «Таза Қазақстан» бастамасына сәйкес экология саласындағы ынтымақтастық мәселелері талқыланды.

Елордада қатты тұрмыстық қалдықтарды кәдеге жарата отырып, электр энергиясын өндіруге арналған «Астана энергиясы» экопаркі» инвестиция жобасының бірінші кезегінің құрылысы басталды. Жобаға $180 млн инвестиция салынады. Бірінші кезеңді жүзеге асыру шеңберінде кәсіпорынның қуаты тәулігіне 1,5 мың тоннадан астам қалдықты құрайды, ал өндірілетін электр энергиясының көлемі 50 МВт болмақ. Мұнда технологиялық және экологиялық параметрлерге ерекше назар аударылып отыр, оның ішінде қалдықтарды тазартудың заманауи көпсатылы жүйесін қолдану бастамасы да бар. Осы мақсатта Астанада «East Hope» ЖШС бірлескен кәсіпорны құрылды. Нысанды пайдалануға беру 2029 жылдың маусым айына жоспарланып отыр.

– Мемлекеттеріміздің басшылары арасында сенімге құрылған қарқынды диалог орныққан, бұл – бірлескен инвестиция жобаларын жүзеге асыру үшін негіз. Біз Қытай тарапы мен бизнеске экономиканың дамуына қосқан үлесі үшін ризамыз және барлық қажетті жағдайды жасауға дайынбыз. «Астана энергиясы» экопаркі» жобасы елорда үшін ғана емес, ел үшін де стратегиялық маңызға ие. Үкімет осы жобаны жүзеге асыру үшін барлық қажетті қолдау шараларын көрсетеді, – деді Олжас Бектенов.

Одан әрі Премьер-министр Энергетика министрлігі мен әкімдікке осы тәжірибені басқа өңірлерге кеңінен тарату перспективаларын қарастыруды тапсырды.

Shenzhen Energy Environment Co., Ltd директорлар кеңесінің төрағасы Ван Ган компанияның жобаның екінші кезегін жүзеге асыру ниеті бар екені туралы мәлімдеді. Бұл болашақта қатты тұрмыстық қалдықтар полигондарында жинақталған қалдықтарды толық жоюға мүмкіндік бермек. Бүгінде компанияның портфелінде Қытай Халық Республикасының аумағында орналасқан жалпы қуаты тәулігіне 79 мың тонна болатын 57 қоқыс жағатын кәсіпорын бар. Shenzhen Energy Environment Co., Ltd 20 миллионға жуық халқы бар Шэньчжэнь қаласындағы қалдықтардың 90%-ын сұрыптап, кәдеге жаратып отыр.

– Біз Қазақстанда жұмыс істеу мүмкіндігін жоғары бағалаймыз және жобаны сапалы жүзеге асыру үшін бар күш-жігерімізді салуға дайынбыз. Кәсіпорын Қытай мен Қазақстан арасындағы іс жүзіндегі ынтымақтастықтың маңызды үлгісі болатынына сенімдімін. Қазақстан Үкіметінің қолдауымен жобаны одан әрі ілгерілетуді жоспарлап отырмыз, – деді Shenzhen Energy Environment Co., Ltd директорлар кеңесінің төрағасы Ван Ган.



Тараптар «Астана энергиясы» экопаркі» екі ел арасындағы инвестиция және технология ынтымақтастығының тағы бір нәтижелі үлгісі болатынын атап өтті.

– Shenzhen Energy Group Co. Ltd компаниясының өкілдерімен бірлесіп, «Астана энергиясы» экопаркі» жобасының басталуына ресми түрде старт бердік. Кешенде қатты тұрмыстық қалдық жағылып, электр энергиясы өндіріледі. Жоба құрылыс пен пайдалану саласындағы ең жоғары стандарттарға сай іске асып, Орталық Азиядағы ең озық әрі экология талаптары қатаң энергетика экопарктерінің бірін ашуды көздейді, – деді Астана қаласының әкімі Жеңіс Қасымбек.

Қала әкімінің айтуынша, жобаның құрылыс мерзімі – 36 ай. Пайдалануға берілгеннен кейін қатты тұрмыстық қалдықты өңдеудің жылдық қуаты 550 мың тоннаға жетеді, бұл қалалық экологиялық ортаны едәуір жақсарта отырып, қалдықты зиянсыз, қысқартылған және ресурс үнемдеу арқылы қайта өңдеуді толығымен іске асыруға мүмкіндік береді.

Кешен жылына орташа 330 млн кВт/сағ электр қуатын өндіреді. Өз қажеттілігін қамтамасыз етумен қатар, жыл сайын шамамен 280 млн кВ/сағ таза электр энергиясы қаланың энергетикалық жүйесіне тұрақты түрде жеткізіледі. Осылайша қаланың энергетикалық қауіпсіздігіне маңызды үлес қосып, энергия тұтыну құрылымын оңтайландыруға жаңа серпін береді. Сол сияқты жоба аясында қала тұрғындары үшін кемінде 90 тұрақты жұмыс орнын ашу әрі қызметкерлерді кезең-кезеңімен шетелде кәсіби-техникалық оқытуды ұйымдастыру қарастырылған.

Жеңіс Қасымбектің мәлімдеуінше, қазіргі уақытта қала аумағында пайда болатын барлық қоқыс «Astana Recycling Plant» ЖШС қалдықтарды өңдеу зауытына шығарылады. Онда олар сұрыптаудан өткеннен кейін қалдық полигонына тасымалданады. Қалада бір ғана рұқсат етілген қоқыс полигоны бар, ол 2 ұяшықтан тұрады. Бірінші ұяшық консервацияланған, ал екінші ұяшық 2018 жылдан бері пайдаланылып келеді және 2,2 млн тонна ТҚҚ-мен толтырылған.

Сонымен қатар көмірмен жұмыс істейтін ЖЭО мен газ электр стансаларын экологиялық реконструкциялау, өндірісті локализациялаудағы өзара іс-қимылдың келешегі талқыланды. Кездесу соңында тараптар жобаны белгіленген мерзімде жүзеге асыруға және келешегі зор бағыттардағы ынтымақтастықты одан әрі дамыту үшін барлық күш-жігерін салуға ниетті екенін жеткізді.

САРБАЗДАРҒА ГРАНТ БЕРІЛДІ

«Астана» концерт залында 2026 жылғы көктемгі әскерге шақыру науқаны аясында Қазақстан Республикасы Қарулы Күштерінің қатарына мерзімді әскери қызметке шақырылған жас сарбаздарды салтанатты шығарып салу рәсімі өтті. Іс-шара Отан қорғаушылар күні мерекесі қарсаңында ұйымдастырылды.



Шапағат ӘБДІР

«Ағалар ерлігі – ұрпаққа аманат!» атты әскери-патриоттық акцияға Қазақстан Республикасы Қорғаныс министрінің орынбасары, Қазақстан Республикасы Парламенті Сенатының депутаттары, Астана қаласы әкімінің орынбасары, Астана қаласы Қорғаныс істері жөніндегі департаментінің басшылығы, Қарулы Күштердің ардагерлері, әскери бөлімдердің қызметшілері, қала мектептерінің оқушылары, «Жас сарбаз» әскери-патриоттық клубының тәрбиеленушілері мен әскерге шақырылушылардың ата-аналары қатысты. Салтанатты жиын барысында запасқа шығарылатын мерзімді қызметтің үздік сарбаздарына жоғары оқу орындарында тегін білім алуға мүмкіндік беретін сертификаттар табысталды. Сонымен қатар қатысушылар назарына қаружарақ пен әскери киім үлгілерінің көрмесі ұсынылды.

– Қорғаныс министрлігі тарапынан 25 сарбазға салтанатты түрде білім гранты табысталды. Іріктеуден өткен олар еліміздің кез келген жоғары оқу орнында білім алу мүмкіндігіне ие болды. Биыл барлық құрылымдық бөлімше бойынша жалпы саны 1150 грант бөлінді. Соның 490-ы Қорғаныс министрлігіне тиесілі, – деді ҚР Қорғаныс министрлігі Әскери білім және ғылым департаментіне қарасты Әскери даярлық және цифрландыру басқармасының офицері, майор Рүстем Қанатбекұлы.

«Инновация. Тұрақтылық. Болашақ» атты ауқымды іс-шара С.Сейфуллин атындағы Қазақ агротехникалық зерттеу университетінде өтті. Басты мақсат – жас буынның инновациялық әлеуетін арттыру, заманауи технологияларды қолдануға ынталандыру және креативті ойлау қабілетін дамыту.

ЖЕҢІМПАЗДАР ЖОЛДАМА АЛДЫ

Интеллектуалды додаға 40-тан астам команда қатысып, өз жобасын ұсынды. Қатысушылар жасанды интеллект, агроинновация, цифрландыру, ESG және тұрақты даму, қолөнер, өзін-өзі жұмыспен қамту және әйелдер кәсіпкерлігі бағыттары бойынша тың идеясымен бөлісті.

– Хакатон «Ауыл» партиясы, Acapedia білім беру платформасы және С.Сейфуллин атындағы Қазақ агротехникалық зерттеу университетінің бірлесіп ұйымдастыруымен жүзеге асты. Хакатон барысында қатысушылар технология, ғылым және экологияны ұштастырған жобаларын таныстырып, заманауи қалалардың өзекті мәселелеріне нақты шешімдер ұсынды. Сонымен қатар олар «ақылды» технологияларды дамыту, экология бастамаларын қолдау және өмір сапасын арттыру бағытында өздерінің инновациялық көзқарасын көрсетті, – деді «Ауыл» партиясы Астана қалалық филиалының төрағасы Ұлан Абдыханов.

Республикалық кезеңде үздік деп танылған командаларға өз жобасын ілгерілету мақсатында «Ауыл» партиясы тарапынан жүлде қоры қарастырылды. Ал Астана қаласында өткен хакатонға С.Сейфуллин атындағы Қазақ агротехникалық зерттеу университеті ұсыныс білдіріп, 600000 теңге көлемінде қаржылай сыйақы бөлді. Хакатон қорытындысы бойынша «А» және «Б» топтарының I орын иегерлері анықталып, республикалық хакатонға жолдама алды.



АРДАГЕРЛЕРГЕ ҮНДЕУ АРНАДЫ

Құрметті Астана қаласының ардагерлері! Сіздерді 2026 жылғы 25 сәуірде «Таза Қазақстан» республикалық экология акциясы аясында елорда әкімдігінің ұйымдастыруымен өтетін жалпықалалық сенбілікке белсенді қатысуға шақырамыз. Игі іс-шара – экология мәдениетін дамытуға бағытталған ұлттық жобаның құрамдас бөлігі. Президентіміз Қасым-Жомарт Тоқаевтың бастамасымен экология акциялары еліміздің әр өңірінде белсенді түрде жүзеге асуда.

Астана қаласының әкімдігі «Таза Қазақстан» бағдарламасын қолдап, экология іс-шараларын нәтижелі түрде жыл бойы жүргізуде. Қаламыздың тазалығы мен көркеюі еліміздің абыройын асқақтата түсетіні сөзсіз. Сондықтан біз тыл ардагерлері мен еңбек ардагерлерін, елорданың барлық 6 ауданындағы тұрғындар мен ардагерлер ұйымдарын бір кісідей қатысып, ортақ іске толымды үлес қосуға шақырамыз.

Ардагерлер – қоғамның айнасы, тәрбие мен үлгінің қайнар көзі. Зейнеткерлеріміз жас ұрпаққа тазалық пен жауапкершіліктің жарқын үлгісін көрсете алатынына сенеміз.

Құрметпен,
Астана қаласының
Ардагерлер кеңесі

№47 (4945) 23/04/2026 Бейсенбі



Алмаға ат байлаған

(Эссе)

ҚОС МЕҢ

Махаббатты қалайды,
Музасына балайды.
Мең туралы жыр жазып,
Мең-зең қылды талайды!
(Журналистік фольклордан)

Ол кезде ешкім олпы-солпы өлең жазбайтын. Өйтуге хақы да жоқ еді. Себебі өзіне-өзі сенгендер ғана ақын болуға тәуекел етеді. Жақсы жыр жазуға шамасы жетпейтінін ертерек аңғарғандар өлең өлкесін өз еркімен тастап шығатын. Шынында да, қалай жазбақсың?! Сол дәуірде қазақ поэзиясының ақсақалына айналған, көзі кіреукеленіп, белі бүгілсе де, шабыты шау тартпаған арыстан жал Әбділдә ақын астананың көшесінде алшаңдап келе жатады. Адам баласынан ықпаған мұзбалақ Мұқағалидың өзі таяғынан жасқанған әлеуетті Әбекең ғой. Алатаудың шыңынан шығына қашқан ақша бұлтты ақшулан басына қондырып, ақбурыл шашын жұлқыма желге тосып, асықпай аяңдаған Әбу аға алыстан көзге шалынады. Алты алаш аялаған абызды анадайдан аңғарасың да, «Сен құрметте оны!» деп, өбектеп жүрген өлеңіңнің түр-түсі мен сырт-сықпытын жөнге келтіре бастайсың. Енді бір сәтте жалғанды жалпағынан басып, тау суындай күркіреген Сырбай көкем шақ береді. Оны кезіктірсең, «Жаутаңдап қарап дала тұр, Көз жасын сүртіп жаңа бір», – деп мұңаясың. Ол аз десеңіз, Алматыны аялап, Алатауды саялап, қара өлеңді маялап жүрген Ғафу шайыр маңайыңнан маңғаз кейіппен өтеді. «Ғафу деген жақсы жырдың аты екен, О, дариға-ай, мұнда да жүр Ғафекең!», – деп, қанаттанып һәм қанағаттанып, әрі қарай жылжисың. Бәрібір қара өлеңнің иесі мен киесінен құтыла қоймайсың. Алдыңнан «Сезім шіркін ақ жаңбырға ұқсайды, Алматыда жаңа жауып басылған», – деп, көзі түгілі көзілдірігінің әйнегіне дейін мейірімділік тұнып тұратын Тұманбай ағам шығады. Сондай-ақ, «Жазираның жалғыз сәні жаздағы, Жиде гүлі қызғалдақтай маздады», – деп, өршіл де өткір, шымыр да ширақ Қадыр ағам көлденең жолығады.

Осынау талассыз мойындалған мықтылардың өзі бір-бірін қалжыңмен қажап, «Сағаң да қиын озбаған, Маған да қиын озбаған. Пенделік жасап, нашарлау, Жырыңды көрсем, мәз болам», – деп өзара сөзбен сайысып, айтысып-тартысып жатқанда қайдағы өлең, қайдағы шабыт сені тауып келмек? Абай атамды сәл-пәл өңдеңкірегендей болып, «Өзгеге көңілім тоярсың, Өлеңді бірден қоярсың», – дейсің кесіп-пішіп. Сондықтан ақындар ауылында тек жанкештілер ғана қалады. Яғни, өздерінің ақын болмауы мүмкін емес екенін анық ұққан сүрейлер мен сүлейлер... Олар өлеңді жазып әуре болмайды. Өйткені, өлеңнің бұлағы әлдеқайдан сай қуалап ағып келіп, солардың санасына құйылып тұрады. Соны тек төкпей-шашпай қағазға түсіріп алса, жетіп жатыр. Өстіп құйылып келмесе, бала болып өмірі конспект жазбайтын студент ақындар өзін-өзі зорлап, қайтіп өлең құрастырмақ?!

Біз көргенде Ертай Ашықбаев сондай шайырдың бірі еді. ҚазГУ-дің журналистика факультетінің төртінші курс студенті. Жұқалтаңдау ғана жігіт. Аты шыға бастаған ақын. Сол кездегі өлең жазатындардың «өлмес» дәстүріне сәйкес, жатақхананың жанында жетпіс жылқы, қырық қой айдап жүргенін көрмеппіз. Жынды судың бастау-бұлағының басында айлап-жылдап жырғап жатқанын да байқай қоймадық. Бәлкім, біз білмедік. Бәлкім, ол көзге түспеді... Бірде жатақхананың фойесінде өтіп жатқан жыр кешінде «Махаббат қашан қартайған, Сұраңдар оны Ертайдан!», – деп өршеленіп өлең оқып тұрғанын көрдік. Махаббаттың неге қартаймайтынын одан сұрауға біздің де, түсіндіруге оның да уақыты болмады-ау деймін... «Мұның сұрайтын несі бар?», – дедік те жөнімізге кеттік.

Оның жалпақ жұртқа кең тараған әйгілі «Қос мең» деген өлеңі ілгеріректе жазылды. Кейінірек шыққан кітабы да солай аталды. Бұл – біздің жас кезімізде жадымызда жатталған жыр. Ерекең шығыс поэзиясының шынары Қожа Хафиздің баршаға белгілі «Бір меңіне Бұхара мен Самарқанды берер ем», – деген екі жолын жаңағы атышулы өлеңіне эпиграф етіп алды. Соны атақты өлеңінің шекесіне қондырды да, әрі қарай өзінің жан сырын, ішкі әлемін жырға қосты.

Көкірегім күпінгенде күшті еді,
Арман қуып Ақтөбеге жетіп ем.
Көзіме де ең алдымен түскені,
Ай сәулелі жүзіндегі екі мең.

Санамдағы сұлуларды шегерем,
Салтанатпен жария етем досқа да:
Қос мең үшін мен төрт қала берер ем,
Бір мең үшін берсе Хафиз қос қала.

Сөйтіп, ер мінезді Ерекем өзінен алты ғасыр бұрын туған қиялы қиядағы әуейінің әуейісі Хафекемнен де асып түсті. Тек қазақ ақынының ұстанымы бағзы заманғы әріптесіне қарағанда сәл бөлектеу. Шираздың шайыры аймандай аяулысының тарыдай меңіне бола тарту ететін қаланың атын атап, түсін түстейді. Ал Ақтөбенің ақыны қос мең үшін төрт шаһарды сыйлай салатынын ашықтан-ашық мәлімдесе де, қандай қалалар екенін ашып айтпайды. Яғни, қала болса болды, қай қала екені онша маңызды емес. Басты бәсекелесі Хафиздің бейнесін бетке ұстай отырып, махаббат майданындағы поэтикалық декларациясын жариялайды:

Кеудесінің кең сарайын күйдірген,
Бір мең құнын Хафиз солай өтесе.
Екі меңі бар сұлуды сүйдім мен,
Артық жырлау керек маған екі есе.

Осы өлеңді оқыдық та, «Е, бұл ағамыздың «Сұраңдар оны Ертайдан», – деп жүргені осы екен ғой деп топшыладық. «Ит қорыған жерге өш» дегендей, құпиясы көбірек жерді көруге ынтазар боп тұратынымыз бар емес пе? «Е, Ерекеңнің қос меңі бар сұлуы кім екен?» деп ойлап қоятынбыз. Сөйтсек, ағамыздың жүрегін қозғаған қос меңді қыз ақыры жан жарына айналыпты. Ақтөбенің облыстық газетінің редакциясына өндірістік тәжірибеден өтуге барғанда көрдік. Осы сапарда екі ағаммен етене араластым. Бірі – белгілі журналист Әмір Оралбай. Екіншісі – осы Ерекең. Бір ғажабы, сол екі ағамның үйіндегі екі жеңгемнің де меңі бар. Тіпті Әмірдің келіншегінің аты – Меңдігүл. Тек Әмір ағам өте салмақты болды да, менің асыл жеңгеме қала түгілі шағын ауылды берем деп те уәде еткен жоқ. Ал Ерекеңнің айтып отырғаны – бір емес, төрт қала.

Ертай Ашықбаев осы өлеңді жазған соң көп ұзамай бесінші жатақханаға ат басын бұрған Есенқұл Жақыпбеков біздің көзімізше мынадай эпиграмма құрастырды:

Ақын көңіл қашан сірә қартайған,
Сүйгенінің меңін көріп марқайған.
Ақтөбе, Орал, Қызылорда, Жамбылдың
Горкомдары, сақтаныңдар Ертайдан!

Біз бұл жөнінде алғаш рет 2009 жылы жарияланған «Өмірге құштар Әмір» деген эссемізде айттық. Шынында да, Күләй жеңешеміз Ерекеңе бақ болды. Қос меңді ару ағамызға қос ұл тауып берді. Қазір сол парасатты перзенттерінен немере сүйіп, бақытты бесігіне бөленіп отыр.

Ал ақын ағамыз бүгінде баяғы төрт шаһар мәселесіне сонша бас қатыра бермейтін секілді көрінеді бізге...

ҚОС ШАЙЫР

Ерке Хафиз – ересең,
Еңбегі мол – елесең.
Ертай сынды ақын ғой,
Ерте туған демесең!
(Журналистік фольклордан)

Ақыры Қожа Хафизді біздің Ерекеңмен шендестірген екенбіз, бұл тақырыпты бір-раз індетіңкіреп көрейік. Сол Хафиз... Талайға танымал тұлға. Хакім Абайдың өзі жастау күнінде: «Физули, Шәмси, Сәйхали, Науаи, Сағди, Фердауси, Қожа Хафиз – бу һәммасы Мәдәт бер я шағири фәрияд», – деп ғұламалардың тобына қосып жырлаған шығыс шайыры. Хафизді Шәкәрім де жырына қосқан. Ол да оны Абайдың тәсілімен баршаға белгілі жыр жұлдыздарының санатына жатқызады. Он бір буынды өлең үлгісімен өрнектеген толғамында осынау шоғырды «Науай, Сағди, Шәмси, Физули бар, Сәйхали, Қожа Хафиз, Фердоусилер, Бәйітші елден асқан шешен болып, Әлемге сөздің нұрын жайған солар», – деп барынша дәріптейді.

Шәкәрім қажы Хафиз мұрасын әйгілеу мәселесін мұнымен ғана шектемейді. Ол шығыс шайырының бірер шығармасын қазақшаға аударған сыңайлы. Тәржімасы өте жатық. Ой орамы бөлек парсы пәлсапасын ұлт топырағына бір аунатып алғандай сезінесің. Сондықтан өз жұртымызға ұсынылған Хафиз жыры қазақ ақыны жазғандай әсер етеді:

Ақ көңілдің кезіне,
Не келсе де – жақсылық.
Тура жолдың тезіне,
Түскен көрмес тапшылық.

Ал Шәкәрім Құдайбердіұлы атындағы сыйлықтың лауреаты Ертай Ашықбаев Шыңғыстаудан шығып шығысты шарлаған алып ақындар сынды Хафиздің өз басын жырына арқау еткен жоқ. Тек ол шайырдың жалпақ жұртқа танымал бір тіркесін арнайы бөліп алып, өз өлеңіне тамызық ретінде пайдаланды. Онысы арқалы ақынға қаншама жылға жететін абырой әперді. Ақиқатын айту керек, бұл тұрғыдан алғанда, бүгінгі дәуірдің ақындары Ерекең сынды соншалықты «мәрт» емес. Олар Қожа Хафизді қадір тұтатынын аңғарта отырып, әрі қарай қала-паладан дәмесі болмауын алдын ала ескертіп қояды. Несі бар, елдік тұрғыдан бұл да дұрыс шығар. Дегенмен, әзілмен әдіптеп, қалжыңмен қалыптаған поэтикалық әсірелеудің де ұтымды шығатын жері бар емес пе?! Бұл жағынан қазіргі қазақ поэзиясында орны бар ақын Маралтай Райымбекұлы шаһар біткенді жан-жағына шашып жүретін Ертай Ашықбаевтың антиподы десек болар:

Ғашық жүрек жырға ынтық, гүлге әсем,
Қожа Хафиз, мұңымыз бір сыйлас ең.
Бір мең тұрмақ қос меңі үшін сұлудың,
Таразымның түйір тасын қимас ем.

Маралтай қимады екен деп өрнекті өлеңінен бас тартқан Ерекеңді көрмедім. Бір жағынан Маралтайды да түсінуге болар. Себебі, Ертайдың ардақты ағалары мен қадірлі қатарластарының да қаланы айтасың, оның әрбір тұрғынын да ешкімге бергісі жоқ. «Мен де саған Шымкентімді берер ем, Әлібек дос бірге кетіп қалады», – дейді Жұматай шайыр. «Бұхараны боданыңа, Самарқанды садағаңа, Ол аз десең Алматыны берер ем, Үшеуі де менікі емес, әттеген...», – дейді Есенғали ақын. Демек, Ертайдың ғашықтығы – көзсіз ғашықтық. Ессіз ғашықтық ештеңеге қаратпайды. Басқа нәрсені көрмей, тұманның тұңғиығына түскен ол Хафиздің алапат сезімін екі еселеп жіберді. Болғаны сол... Қалыңдығына қаланы тарту ету талпынысы – жақсы көрудің шексіздігін аңғартудың мысалы ғана. Жыр сүйер қауым бұған түсіністікпен қараған сияқты. Өмір мен юмордың екі арасын, әзіл мен әдептің шекарасын бір адамдай білетін ойлы оқырман Ерекеңді анық ұқты. Сондықтан да оған осы уақытқа дейін Есенқұлдан басқа ешкім елеулі ескертпе жасаған емес.

Ал енді осы жалғыз мең мен қос қаланың төңірегінде арыз да, аңыз да баршылық. Мұның бар болғаны өлең екеніне қарамастан шығыс шайырына қара қазандай өкпе артқандар да кездескен көрінеді. Тіпті жарты әлемге үстемдігін жүргізген Әмір Темірдің өзі: «Мен мәртебесін асырған қос қаланы қайдағы бір түрік қызының меңіне бола тарту етуге қалай ғана дәтің барды?» – деп сұрапты деседі. Сонда өте жұпыны киініп келген шайыр: «Міне, көріп тұрсыз ғой, осы жомарттығымның кесірінен өзімнің де сау-тамтығым қалмады», – деп құтылып кеткен көрінеді.

Белгілі ақын Әбіраш Жәмішев бір кезде Хафиздің осы әйгілі тіркесін «Шираздың бұл аруын періштеге теңер ем, Бір меңіне Самарқанд пен Бұхараны берер ем» деп аударды. Әзірге сүйенетін нұсқа осы. Әбіраш аға ұлы шайырдың мол мұрасын өз тілімізге тәржімалап, қазақ жұртына танытты. Ертай ақынның да заманында осы бір тұмадай тұнық дүниенің бастауынан қанып ішкені даусыз.

Мең тақырыбына Хафиздан кейін, бірақ Ерекеңнен бұрын бір соғып кеткен ақындар да бар. Мысалы, Хафиздың жырларын шексіз қадірлеген түрік шайыры Мехмет Фатих өзінің жетпіс сегізінші ғазалында «Жүзіңдегі жалғыз ғана меңіңе Стамбұл мен Галатаны берер ем», – депті. Өлеңнің ұзын-ырғасына қарағанда түріктің жыршы сұлтанының ықыласын аударған пұтқа табынушылар әулетінің бе, үндінің бе, бір бәденді бойжеткені болса керек.

Сонымен, Қожа Хафиз бен Ертай шайырдың арасын алты ғасыр бөліп тұр. Соған қарамастан оларды біріктіретін, жан дүниесін жақындастыратын белгілер баршылық. Екеуінің де түрлі туындылары мектеп оқулықтарына енгізілген. Екеуінің өмірінде де аңызға бергісіз оқиғалар жеткілікті. Екеуі де екі ұлға әке болды. Екеуінің де балалары әке жолын қуып, ақындыққа бел буған жоқ. Екеуі де қала сыйлау туралы айтты да қойды. «Әлгі маған берем деген қалаң қайда?», – деп қылғынып жатқан арулары да бой көрсете қоймайды. Ешкім ешкімге міндеттілік танытпады. Алайда екеуі де махаббат тақырыбын жеріне жеткізе жазды. Әсіресе, Ерекең өзі айтқандай, сезім серенадасын екі есе жырлаған тәрізді. Баяғыда «Махаббат қашан қартайған?» – деп өзі айтып еді ғой.

Бірақ біздің Ертай ағамызды Хафиз секілді сезімнің сусынынан қанып ішіп, бірыңғай ғашықтық ауанында жүретін махаббат жыршысы екен деп қалмаңыз. Оның өмірдің өрімін, тіршіліктің тынысын танытқан өлеңдері де жеткілікті. Кейде ол өзінің ішкі иірімдерімен арпалысып, өзге дүниеден келгендей айналасына таңдана қарап, сенімен сырласуға бейілділік танытады:

Мен деген – үнсіз ғаламмын,
Қоштасқам дүрмектеріммен.
О, не деп тұрсыз маған, мұң?
Не істеуге міндетті едім мен?

Тоқтадым ескі өлеңіме,
Білмеймін, қанша аялдаймын?!
Сүймеймін ештеңені де,
Әрнені аңсай алмаймын.

Ешнәрсе істеуге міндетті болмаса да, ештеңені сүймесе де, әрнені аңсай алмаса да, біздің ұғымымыздағы қазақтың Хафизі дегеніміз – еңсегей бойлы ер Ертай. Ерекеңнің Ширазы – Ақтөбе. Хафиз ішкен шарапты ол да ішті. Хафиздің ғашықтығы оған еселеніп келді. Енді, міне, Хафиздің жасынан асты... Енді әлемге танымал Хафиз секілді жазған дүниесі жұртының жүрегінде жүрсін дейміз де...

ҚОС ҚАНАТ

Алыс жолға сайланған,
Атажұртқа жайланған.
Атақты ақын болса да,
Ақтөбеге байланған!
(Журналистік фольклордан)

Ертай ағам оқу бітірген соң аттың басын Ақтөбеге бұрды. Бұл қалаға біз түрлі себеппен жиі барып тұрдық. Келген сайын «Ақтөбе» газетінің редакциясына соғамыз. Ілгергі дәуірде «Коммунизм жолы» деп аталатын-ды. Мұнда сыйлас ағаларымыз қызмет істейтін. Соның бірі – Ертай Ашықбаев еді. Сонда байқайтынымыз, Ерекең ақындығы өз алдына, журналистігі жағынан да ешкімге дес бермейді. Әдетте бірыңғай өлең жазатын адамның ертелі-кеш ақпарат атаулыны жемсауына жұтып жататын газеттің күнделікті қара шаруасына икемі бола бермейді. Бас редакторлардың алдына әлдебір шайыр жұмыс сұрап келсе, кірпідей жиырылатыны рас. Себебі ақын біткен еркіндеу жүреді. Жарасқан Әбдірәшевтің жырындағы ерке бала сияқты қақпайлауға көнбейді. Сондықтан редакцияға аласұрған ақыннан гөрі жеделдігі желден жүйрік жайдақ журналист көбірек пайда келтірмек деген ұғым қалыптасқан.

Жоқ, Ерекем ондай теперіш көріп жүрген адамға ұқсамайды. Керісінше, газеттің нағыз еңбек торысына айналыпты. Мәдениет бөлімінің қызметкері. Күн ұзаққа сарылып отырып хат қорытады. Ағылып келіп жатқан ақпаратты елеп-екшеп, хабар-ошардан бастап суреттемеге дейін жазып тастайды. Әлдеқандай бір әтіберлі мекеменің есеп беру – сайлау жиналысына бастан-аяқ қатысып келіп, көк түтінге көміліп отырып, есеп жазып тастау оған түк емес. Кейде не Қарабұтақ немесе Темір ауданына сапарға шығады. Ертеңіне «Коммунизм жолының» бетінде көлдей очеркі көсіліп жатады. Жазуы көркем, ойлы өрнектері жұтынып тұрады. Анда-санда боз шалбарының қырына бір көз салып қойып, дұрыс-бұрыстығын тексеріп алған соң обком жаққа беттейді. Сол жақтан бір қағаз әкелу керек пе, әлде біреуге қол қойдырып келу қажет пе, сондай бір аса күрделі емес тапсырмаға кетіп барады. «Ераға, біз-ақ барып келе қояйықшы», – дейміз практикант Бердібай екеуміз елгезектік танытып. «Жоқ, – деп ол бір-ақ кеседі. – Мұндай тапсырманы кім-көрінгенге бермейді». Біз жым боламыз. Бәрібір ағамызды жақсы көреміз. Өйткені ол бізге өндірістік тәжірибе барысында көп нәрсе үйретті. Соның ішінде

темекіні жөндеп тартуға баулығаны өз алдына бір әңгіме...

Бұл – Ерекеңнің оқуды жаңа бітіріп, кеңестік үлгідегі аймақтық басылымға келіп, баяғы текті Тоныкөк пен кекті Күлтегін тәрізді «Күндіз отырмадым, түнде ұйықтамадым», – деп жанығып жүрген кезі. Газеттің мәдениет бөліміне бөлінген бөлмесінде тынбай жұмыс істеп жатады.

Ай шамдандым,
Алматыны тастадым,
Қисайған жоқ қылшығым.
Мына бөлме – менің жаңа аспаным,
Ақтөбелік тілшімін! –

деп өңірдегі өмірін бастап жатқан тұсына тап келгендейміз. Ерекең содан бері осы газетте табан аудармай тер төкті. Арайлы Ақтөбенің ақпаратты «Ақтөбесінің» отымен кіріп, күлімен шықты. Қатардағы тілшіден бас редактордың орынбасарына дейінгі жемісті жолдан өтті.

Сөйтіп, поэзия мен публицистика оның қос қанатына айналды. Ендігі өлеңдері Ақтөбедегі осы газеттің қабырғасында жазылды. Бұл басылым – талай қаламгерлердің қызмет істеген жері. Алатау жаққа Ақтөбеден аттанған ақын-жазушылардың өзі аз емес. Солардың дені осы редакциядан түлеп ұшқан. Ертай шайыр да осы қастерлі шаңырақка арқа сүйейді. Суреткер Тынымбайдың ауылда қалған ақын кейіпкері Ертілеу секілді көңілі көтеріліп, шабыты шарықтаған шақта Алматыны аңсап, аздап қана аласұрып қоятыны рас-ты. Сосын Ақтөбенің ақындық ортасы да ешкімнен кем емес екенін ойлап, бірте-бірте сабасына түседі. Қайтеді оны, Ертілеуді қадірлейтін Қошқарбайлар мұнда да бар. Сондықтан осынау әсем шаһарды өзге қалаға айырбастағанды жөн санамады.

Уа, бөлмеме жарасып тұр толықтай,
Мазмұным да, формым да.
Беу, отырмын ештеңеден қорықпай,
Дүйсенбаев Ес-ағамның орнында.

Мәдениет, есенсіз бе қатерден,
Амансыз ба, өнер, сіз?
Қолданайын білімімді әкелген,
Бірте-бірте көнерсіз, –

деп, қанағатын қағанатына айналдырып, амбициясын аспанмен астастырып, алдағы күндеріне қарай аялдамай тарта берді. Сол тартқаннан тартып отырып, міне, жетпістің де желкесіне мініпті. Бұл белеске де елгезек Ертайды қос қанаты – поэзия мен публицистика жетелеп жеткізді.

Қарасөзбен жырлаудың хас шебері Оралхан Бөкей бір сұбатында: «Мықты жазушы болмауым мүмкін, бірақ мықты журналиспін деп сеніммен айта аламын», – деген ыңғайда пікір білдіріп еді. Сол тұрғыдан алсақ, Ерекең де өзіне серік болған осынау екі саланың қайсысын алғы кезекке қоятынын білмейміз, бірақ публицистикасы поэзиясынан қалыса қоймас деген ойдамыз. Мақалаларын оқи бастағаннан ақынның қолынан шыққаны байқалып тұрады. Очеркке қимайтын образдар, суреттемеге қимайтын сюжеттер сәт сайын кездеседі. Алақандай заметканың өзін көркем кестелейді. Жиынға барып, жазып келген есебіне де кәдімгідей елеңдеп қаласың. Сонысымен-ақ «Жақсы ақын жақсы журналист болып жарытпайды» деген байырғы байламның быт-шытын шығарды.

Бір қарағанда бұйығы әрі қарапайым көрінгенмен, өте жігерлі. Сол жігері анадайдан андағайлап тұрады. Соны көресің де жырының жалынына, жігерінің жылуына жүзіңді тосасың. Арқалы ақынның кеудесін кернеп бара жатқан алапат күшті анық аңғарасың.

Жаңартыңдар жүректеріңді ескірген,
Жайнаңдар. Кәдімгідей тулаңдар.
Кем емессіңдер ешкімнен,
Уа, елу алтыншы жылы туғандар!

Бай болдық қызыл-жасыл түрге енген,
Күн кештік маңдайымызды
мұң тұтпай.
Уа, мына Шаһизада кімнен кем,
Кімнен кем әйтпесе Мылтықбай?!

Осынау өр мінез оған жарты ғасырға жуық уақыт бойы «Ақтөбенің» отын көсетті. Елу алтыншы жылы туған Ертай Ашықбаев кешеден бүгінге дейінгі өнегелі өмір жолын бастан өткерді. Өйткені, өзге құрдастарына айтқандай, өзі де ешкімнен кем емес-ті.

Үнемі қос қанатын қомдап тұратын айбынды ақын неден кемдік көрсін?!

ҚОС ҚАЛА

Ақынның жан-жақтысы,
Адамның салмақтысы.
Алматы – аяулысы,
Ақтөбе – ардақтысы!
(Журналистік фольклордан)

Бүкіл ғұмыры екі қаланың арасында өтіп келеді. Алғашқысы – Алматы. Кейінгісі – Ақтөбе. Осы қос шаһардың әлеуметтік бейнесі Ертай Ашықбаевтың парасатты поэзиясында толық көрініс тапты. Алматы – оның студенттік шағының куәсі. Бар-жоғы бес жыл уақыт. Бірақ осынау мерзім Ертай ақынның шығармашылығында барынша әдіптелді. Жастық кезеңнің көркем көріністері өлеңмен өрілді. Мұның да өзіндік себебі бар. Жалпы, оқу бітіріп өңірге кеткен тәуір ақынның бір бүйрегі Алатау жақта бүлкілдеп соғып жататын тәрізді. Ол жылдарда жыр қуған жас перілер КазГУ-дің қабырғасында жүргенде-ақ атақ-даңққа бөленеді. Қазақ поэзиясының корифейлерінен бата алады. Алты алаштың ақындары бас қосқан ұлы жиындарға қатысады. Қатысқаның не, небір мүшәйраның төрінде тұрып, екіленіп өлең оқиды. Одан шыққан соң топ-тобымен Ботаника бағына аттанады. Баққа барып бағын сынайды. Ол жерден не бағы сынып, не сағы сынып қайтуы да мүмкін. Бәлкім, бағың жанып қалар... Сол маңда бұлақ та, тыңдайтын құлақ та бар... «Мен де соның бірі едім, ұрыспаңыз!», – деп өзі айтқандай, Ерекең де сол думанды ортаның озық ойлы өкілі болатын. Алматыны көзі қиып тастап кету оған да оңай болған жоқ.

Алматымен бірге әдеби орта қалды. Шабытын шыңдаған КазГУ-дің қалашығы қалды. Сол қалашықтың орта тұсында қолына қалам ұстаған бүкіл баланың берекелі бесігі – бесінші жатақхана қалды. Арманын асқақтатып, қиялын қияға шығаратын айбарлы Алатау қалды. Ерекең таулы шаһардан таусыз шаһарға жылжи қойған екен деп, қазақтың бүкіл шайыры Алматыдан үдере көшіп кеткен жоқ, әрине! Бас ақын да, жас ақын да, мас ақын да, бәрі-бәрі сонда тұрақ тапты. Елге кетіп қалған бұл ғана... Ал егілмей гөр... Соны жан-жүрегімен сезінген шерлі ақын:

Рас, өмір шаршатты,
Кезікті тірліктің түрлі лебі.
Көрдік қаншама бану-күнді,
бал-шақты,
КазГУ-дің гүлдері үлбіреді, –

деп Алатауды аялап жыр жазбай қайтсін?! Тегінде, өткен өмірін, татқан тірлігін тәпсірлеп, тоқтаусыз толғаған шайырлар жеткілікті болса да, Ерекең тәрізді «Әскерден келген студент» сериясымен екі кітапқа жүк болатын өлеңдер топтамасын жазып шыққан ақындар көп емес екені анық. Шынында да бұл тағылымды топтама екі бөлімнен тұрады. Жас жігіттің армия қатарындағы кезеңі және студенттік шағы. Былай қарасаң, әбден жауыр болған бұл тақырыпқа кім қалам тербемей жатыр? Бірақ мәселе қалай жазуда ғой. Ертай Ашықбаев әр сөзді алақанында ойнатады. Алпыс астарлы, қырық қатпарлы юморды көркемдіктің көрігіне бастырып, әсемдіктің әшекейімен әспеттеп ұсынады. Ойлы. Ойнақы. Оралымды. Оқымасқа лажың қалмайды. Сезінесің. Сергисің. Сүйсінесің. Ақын Ашықбаевтың айта қоймаған астарларының тігісіне көз жүгіртіп көрсең де, тереңіне бойлап болмайсың. Ойлантуы мүмкін, бірақ бойлатпайды. Бір қарасаң, қарапайым-ақ дүние. Алайда нені меңзеп отырғанын білмей, әрі-сәрі күйге түсетін сәттерің болмай қалмайды.

Бәлкім, Қожа Хафиздің қос қаласынан нәр алған шығар, өзі де қазақ даласының екі қаласын әлі күнге дейін тынбай жырлаумен келеді. Негізі, бұл шайырлардың мінез-құлқын түсіну қиын. «Бұл Ақтөбе мазасы жоқ кент еді, Дем алмайды тіпті жел мен желкемі», – деп қырық жылғы мекенін әрлеп-әдіптеп келеді де, «Біледі кейде жел боп ескенімді ел, Енді сәл дес беріңдер. Алматыны сол жылы... бұл менен де, Алып қалып едіңдер... не істедіңдер?», – деп, аяулы мезгілін өткізген сүйікті шаһарын есіне алып қояды. Бір кезде өзі шалқып тұрып, бесінші жатақхананың көкайыл коменданты Любовь Ивановна Шаламайға:

Жабдық дайын, көш-керуен түзелді,
Әңгіме бар айтылар:
Аман-есен тапсырайық біз енді,
Алматыңды қайтып ал! –

деп өз қолынан өткізіп бергенімен шаруасы жоқ. Ол кездегі КазГУ-дің студенті үшін Алматы дегеніміз – бесінші жатақхана. Сондықтан ес болсын деп Любовь әпшесіне тапсыра салған ғой. Кетіп бара жатып, Жаңгірге бұрылып қараған Махамбет секілді кесірлі комендантқа тағы бір сүбелі сөз айтты: «Сынамаңыз ісімізді артық-кем, Өкпеміз жоқ ешкімге. Дос болыңдар қамкөңілдеу тәртіппен. Жатақхана, ескірме!».

Содан бері жырға қосқан қаласы – осы арайлы Ақтөбе. Ақтөбенің атын Ертайдың екі өлеңінің бірінен табасың. Ақын Ақтөбесінің атын шығарды. Ақтөбе ақынының атын асқақтатты. Осыны көресің де, баяғыда Күләй жеңешемнің қос меңіне бола көп ойланып жатпастан төрт қаланы берем деп уәде еткенше, онсыз да өзі пәлен жылдан бері мекендеп келе жатқан Ақтөбені икемдей салмады ма екен деп ойлайсың.

Ал енді қараңызшы... «Ақтөбеде тұрып алды күн батпай, Тез шешіле қоймайтұғын жұмбақтай», «Меңзең болып кірпік ашты Ақтөбе, Ілгері озған бір сағатты ғайбаттап», «Тез қартайған жеңгелердің өңіндей, Ақтөбенің асфальттары тозады», «Өзің біл, – деп, – тұрмасаң да, тұрсаң да», Ақтөбеге таң келіп тұр осындай», «О, болмаймын жүйрік сәуле жүлделі, Шіркін, біздің Ақтөбенің гүлдері». Не керек енді... Жібегін қолына қондыруға келген Төлегенге жыр арнаған Шегеше сөз саптасақ, Ақтөбе, сенде арман жоқ!

О баста қазақ өлеңіндегі қуат-күшті Хафиз көкемнің қос шаһарынан тапқан Ертай ағам қала тақырыбын туындыларынан тыс қалдырып көрмепті. Тіпті «Ағалар мен қалалар» деп өлең жазып, «Қайтіп бұдан оза алам, Қайтіп қарсы қозғалам. Барлығы да өз ағам, Барлығы да өз қалам», – деп өзгеше өрнек салыпты. Тағы бір өлеңінде төрт қаланы түртпектеп, өзіне эпиграмма жазған арынды ақын ағасы Есенқұлды да тіліне тиек етіпті: «Көкжал Есенқұл ең, талай қан тістеген, Сұрапыл ең. Жөн екен ғой әуелде ант ішпеген, Мен де, шіркін, ұмсынып тұратын ем». Әйтеуір қала... Анда да – қала... Мұнда да – қала... Сөйтіп, елу алтыншы жылы Бабайтайда туған ұл бала тақырыбынан қала тақырыбына баяғыда-ақ ауысып кетті.

* * *

Ертай ағамның басқа туындыларына қарағанда сарыны сонылау, болмысы бөлектеу, өрнегі өзгешелеу бір өлеңі бар. «Алмаға ат байладым» деп аталады. Кәдімгі «Азаулыда аға болған ерлер көп еді, Әйтсе де алмаға ат байлағаны жоқ еді», – деген даңқты Доспамбет жыраудан тамыр тартатын дүние.

Не көрдім, ешкімге де айтпа мүлдем,
Ай, өмір, қақпайладың.
Сонда да дегенімнен қайтпадым мен,
Алмаға ат байладым.

Кімге керек көк асфальт жер басқаным,
Ұшатын қанат таппай қалам.
Басқа еді ағаларым, мен басқамын,
Басқа менің алмам да ат байлаған!

Біз де алмаға ат байлаған ардақты ақын ағамызды құрмет тұтамыз. Ол Алматының алмасы ма, Ақтөбенің алмасы ма, сонша маңызды емес. Ең бастысы, атыңыздың жүйрік, алма ағашыңыздың берік болғанын қалаймыз!

Бауыржан ОМАРҰЛЫ

КҮРДЕЛІ КЕЗЕҢ ҚҰНДЫЛЫҚТАРЫ

Астанада Қазақстан Республикасының Ұлттық академиялық кітапханада қала әкімдігінің Тілдерді дамыту және архив ісі басқармасы мен Қазақстан Жазушылар одағының Астана қалалық филиалы ұйымдастырған «Қаламгер ұстаханасы» жобасының кезекті қонағы белгілі әдебиет сыншысы, «Айбоз» ұлттық сыйлығының иегері Амангелді Кеңшілікұлы болды. Ол «Әлем әдебиеті. XX ғасыр» тақырыбында дәріс оқып, әлем әдебиетінің даму кезеңдері мен XX ғасыр әдебиетінің күрделі табиғаты жайында кеңінен әңгімеледі. Әдеби кездесуді Қазақстан Жазушылар одағының Астана қалалық филиалының басшысы Бауыржан Бабажанұлы жүргізді.



Шапағат ӘБДІР

Кездесу барысында Амангелді Кеңшілікұлы әдебиеттің табиғатына тоқталып, оның адамзат руханиятындағы орны жайында әңгімеледі.

«Әдебиет – күрделі әлем. Адам жанындай нәзік, көп қабатты, тылсымы терең – жұмбақ құбылыс. Мың жерден оқымысты болып, бүкіл ғұмырыңды арнасаң да ол жұмбақты толық танып шығу мүмкін емес. Әр ұлттың даралығы, өмір сүру салты, діні мен ділі, дәстүрі, тарихи санасы, қастерлейтін құндылықтары, қайталанбайтын тағдыры болады. Міне, осы факторларға арқандалып, әр елдің дүниетанымына тән әдебиеті қалыптасады. Түрлі кезеңдерді басынан өткеріп, дамиды, шарықтау шыңына жетеді, сосын тоқырап, ағысы баяулап, біраз уақыттан кейін қайта түлейді. Жаңа түрлер, жаңа стильдер, шындықты жеткізудің жаңа тәсілдері пайда болады. Құндылықтар алмасып, жаңа заманның жаңа теориясы, жаңа эстетикасы өмірге келеді» деген баяндамашы осы ойды сабақтай отырып, ол әлем әдебиетіндегі романтизм мен модернистік танымға тоқталды. Әсіресе, Мэри Шеллидің «Франкенштейн» романы арқылы ғылым мен адамзат санасының шектеулігін түсіндірді.

«Әлем дегеніміз – біз ойлағаннан әлдеқайда күрделі құбылыс. Осыған орай ағылшын қаламгері Мэри Шеллидің 1818 жылы жазған «Франкенштейн немесе бүгінгі заманның Прометейі» деген романы жөнінде бір-екі ауыз сөз айта кетуді парызым санаймын. Бұл готикалық романды әлем әдебиетіндегі алғашқы ғылыми фантастикалық мәтін санауымызға болады. Прогресс пен ғылымға сеніп, әлемді сананың құдіретіне бағындыру мүмкін емес екен. Рационалдық идеялардың ақыры қантөгіске алып келді. Бүкіл романтизм әдебиеті осындай идеяларды алға тартып, әлемнің өте күрделі, бір-бірімен тығыз байланыста болатын құбылыс екенін жазды. Әлем сана арқылы емес, шығармашылық түйсік, жан арқылы танылады» деді Аманкелді Кеңшілікұлы.

Лектордың айтуынша, романтиктер өмірдің сыртқы қабатына емес, адамның ішкі әлеміне терең үңілді. Ол Эрнст Теодор Амадей Гофман шығармашылығын мысалға келтіріп: «Романтиктер әлем дегеніміздің күрделі элементтердің жүйесі екенін көрсетуге тырысты. Гофманды оқыған кезіңізде сіз осы екі жақты әлемнің күрделі табиғатын тани түсесіз. Біріншісі – прагматикалық, тұрмыстық әлем. Ол әлемде бәрі де есеп пен ақылға құрылған. Бірақ одан басқа екінші, парасатты, асқақ әлем бар. Ол әлем философиямен, әдебиетпен, өнермен өмір сүреді. Романтиктерді жалған тіршіліктің адамды зеріктіретін шындығы қанағаттандырмады. Сол себепті олар нағыз шындықты өнер мен руханият әлемінен іздеді», – деп бір тоқталды.

Бұдан бөлек, Әдебиет сыншысы XX ғасыр әдебиетінің ең күрделі кезең болғанын ерекше атап өтті. Оның айтуынша, дәл осы дәуірде түрлі әдеби ағымдар мен бағыттар бұрын-соңды болмаған қарқынмен дамыған.

«Егер де XX ғасырға дейін әдебиетте екі-үш ақ изм болса, XX ғасырда ол измдер жаңбырдан кейінгі саңырауқұлақтай қаптап кетті», – деген ол бұл өзгерістердің себебін түсіндіре келе: «XVIII бен XIX ғасыр адамның өз-өзіне көңілі толып, өзінің ақылына, зияткерлігіне разы болған дәуірі болды. Адам сананың құдіретіне қатты сенді. Бірақ XX ғасыр адам үмітінің күл-талқанын шығарды. Ең басты дағдарыс – адамның өзі болды. Адам XX ғасырда өзінің нағыз жыртқыштық болмысын таныды. Екі дүниежүзілік соғыстың болуына жол беріп, еш жазығы жоқ миллиондаған адамдарды жер бетінен жойып жіберді. Ескі құндылықтар жұмыс істемегендіктен, XX ғасыр адамының табиғатын түсіндіріп беретін жаңа әдебиеттің, жаңа философияның қажеттілігі туды», – деп пайымдады.

Дәрісте XX ғасыр әдебиетінің негізгі бағыттарының бірі – модернизм жайы да кең қозғалды. Бұл жөнінде ол: «XX ғасыр әдебиетінің бағытын белгілеген жазушылардың бәрі модернизм бағытымен байланысты болды. Модернизм – XX ғасырдағы әдеби жағдайды сипаттайтын негізгі ұғымдардың бірі. Егер біз XX ғасыр әдебиетін ең алдымен Марсель Пруст, Франц Кафка, Джеймс Джойс сияқты авторлардың шығармашылығымен байланыстырсақ, әдебиет тарихының мүлде басқа картинасы пайда болады», – деп атап өтті. Мұнда ол Марсель Пруст, Франц Кафка, Джеймс Джойс сынды қаламгерлердің модернистік әдебиеттің негізгі өкілдері екенін айтты.

Кездесу соңында Амангелді Кеңшілікұлы XX ғасыр әдебиетінің адамзатқа рухани тірек болғанын атап өтіп: «Жалпы, XX ғасыр әдебиеті – бірегей, ерекше, көпқырлы және күрделі. Екі үлкен соғыс болған, төңкеріс болған, тоталитарлық жүйелер үстемдік еткен XX ғасыр тарихы бірегей әдебиетті туғызды. XX ғасыр әдебиеті пенде баласына адамға деген сенімін қайтарып беруге әрекет етті. Бейберекет, қираған әлемнен адамзаттың болашақтағы бақытты өмір сүруінің іргетасын іздеді. XX ғасыр әдебиеті осындай ұстара сауалдар қоюмен ғана шектелмей, оның жауабын да таба білді» деп сөзін түйіндеді.

№47 (4945) 23/04/2026 Бейсенбі





ҚАЛАМГЕР МЕН ОҚЫРМАН ҚАУЫШҚАН ЖӘРМЕҢКЕ

23 сәуір – Ұлттық кітап және кітапханашылар күніне орай Қазақстан Республикасы Президентінің орталығында «Astana Eurasian Book Fair-2026» IX халықаралық кітап көрме-жәрмеңкесі басталды.

Қалиакбар ҮСЕМХАНҰЛЫ

Орталық Азиядағы ең ауқымды мәдени-ағартушылық іс-шаралардың бірі саналатын кітап көрме-жәрмеңкесін Қазақстан Республикасының Мәдениет және ақпарат министрлігі, Астана қаласының әкімдігі және «Qazaq Creative» креативті индустрияларды дамыту қорының қолдауымен «Фолиант» баспасы ұйымдастырған.

Қазақстан Республикасы Мәдениет және ақпарат министрлігінің вице-министрі Руслан Әли ашылу салтанатында құттықтау сөз сөйледі.

– Ұлттық кітап күні аясында республика көлемінде онкүндік кітап апталығы ұйымдастырылып, оқу мәдениетін арттыруға бағытталған жүз мыңға жуық іс-шара өтуде. Биыл тоғызыншы рет өтіп отырған «Astana Eurasian Book Fair» халықаралық кітап көрме-жәрмеңкесі – осы апталықтың елордадағы ең маңызды әрі мазмұнды іс-шараларының бірі. Ол халықаралық деңгейде шетел баспалары және сарапшыларының қатысуымен тәжірибе алмасуға кең мүмкіндік береді. Көрме аясында 20 мыңнан астам кітап ұсынылып, 100-ге жуық мәдени-іскерлік іс-шара өткізу жоспарланған. Бастама отандық баспа ісінің дамуына жаңа серпін береді деп сенемін. Көрме барысында министрліктің арнайы павильоны жұмыс істеп, мемлекеттік тапсырыс аясында жарық көрген кітаптар, жаңа жобалар мен креативті индустрия бағытындағы бастамалар таныстырылады, – деді вице-министр.

Астана қаласы әкімінің орынбасары Есет Байкен 23 сәуір – Ұлттық кітап күнінің маңызына тоқталды.

– Қазақстан Республикасының Президенті Қасым-Жомарт Тоқаевтың бастамасымен 23 сәуір – руханият әлемі үшін ерекше күн – Ұлттық кітап күні ретінде белгіленді. Мемлекет басшысы кітапты «ең жақын дос» ретінде бағалап, кітап оқуды өмір салтына айналдырудың маңызын үнемі айтып келеді. Кітап оқуды әдетке айналдырған адамның ұтары мол екені баршамызға белгілі. 2016 жылдан бері «Фолиант» баспасы осы игі бастаманы қолға алды. Бұл алаң – еліміздегі баспа үйлері, қаламгерлер мен оқырмандардың басын қосқан мазмұнды әрі пайдалы кездесулер орны. Елордада кітапқа деген қызығушылық тек осындай жәрмеңкелермен ғана шектелмейді. Бүгінде Астана қаласында 25 кітапхана жұмыс істейді. Мемлекет басшысының тапсырмасына сәйкес, соңғы жылдары кітапханаларды жаңғырту және олардың желісін кеңейту бағытында жүйелі жұмыс жүргізілді. 7 жаңа кітапхана ашылып, 18 кітапхана толық модернизациядан өтті, – деді ол.



Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаев Ұлттық құрылтайдың үшінші отырысында: «Кітапқұмарлық – жақсы қасиет. Мысалы, көптеген мемлекет Ұлттық кітап күнін атап өтеді. Мен Ұлттық кітап күнін белгілеу туралы ұсынысты қолдаймын. Бірақ оны мазмұнды етіп өткізу қажет. Мысалы, түрлі іс-шаралар ұйымдастырып, арнайы жәрмеңкелер өткізу қажет. Шын мәнінде, озық ойлы ұлт болудың ең төте жолы – кітап оқу. Сондықтан кітап оқу мәдениетін қоғамда барынша орнықтыруымыз керек» деп атап өткен еді.

Осы бастамаға үн қосқан көрменің басты мақсаты – кітап оқуды дәріптеу, оқу мәдениетін қалыптастыру, кітап нарығындағы жаңа өнімдерді көрсету, баспа саласындағы заманауи технологияларды таныстыру және халықаралық әріптестікті дамыту.

«Astana Eurasian Book Fair-2026» көрмесіне 80-нен астам кітап шығару, танымдық-ғылыми білім беру және полиграфия компаниялары қатысуда. Оның тең жартысы – қазақстандық ұйымдар. Сондай-ақ Қазақстан, Ресей, Түркия, Қырғызстан, Өзбекстан, Әзербайжан, Моңғолия, Испания, Қытай, Иран, Беларусь, Португалия, Венесуэла, Ұлыбритания елдерінен көптеген ұйым қатысып отыр.

22-26 сәуір аралығына жоспарланған кітап көрме-жәрмеңкесі бес күндік мәдени-іскерлік бағдарламадан тұрады. Көрме аясында жаңа кітаптардың тұсаукесері, авторлармен кездесу, автограф-сессия, балалар алаңында арнайы шеберлік сағаты өтеді.

22 сәуір күні түстен кейін көрме-жәрмеңке аясында Тоқтарбек Мағзұмовтың «Алтай аңыздары» кітабының тұсаукесері ұйымдастырылды. Сондай-ақ Димаш Құдайбергеннің шығармашылық жолына арналған «Димаш Құдайберген. Шексіз музыка» кітап-альбомы таныстырылды. Бұдан бөлек, Қуат Адистің балаларға арналған «Батпырауық» кітабы оқырман назарына ұсынылды. Қазақ әдебиетінің көрнекті өкілі Әлібек Асқаровпен кездесу кеші өтіп, қаламгер өз шығармашылығы, соның ішінде «Өр Алтай, мен қайтейін биігіңді» туындысы жайында ой бөлісті.

Айта кетейік, бүгін Қазақстан Республикасының Мәдениет және ақпарат министрлігі ұйымдастырған республикалық «Ұлттық кітап» байқауының нәтижесі бойынша жеңімпаз баспаларды марапаттау рәсіміне арналған салтанатты іс-шара өтеді.

КІТАП ОҚУ ҚОҒАМДЫ АЛҒА СҮЙРЕЙДІ


Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаевтың бастамасымен кітап салтанаты жыл сайын 23 сәуірде аталып өтеді. Таяуда кітапханашылардың кәсіби мерекесі де осы күнге қойылды, яғни бұдан былай қатар аталады.

Аманғали ҚАЛЖАНОВ

Астана қаласының Орталықтандырылған кітапханалар жүйесі Ұлттық кітап күніне арналған іс-шараларды бастап кетті. Қазір елордада қалалық 25 кітапхана болса, соның барлығында әртүрлі жиындар мен кездесулер өтіп жатыр. Соның алғашқысы Орталық балалар мен жасөспірімдер кітапханасында ұйымдастырылды. Жастар сарайы мен Орталықтандырылған кітапханалар жүйесі өткізген осы іс-шарада «М-АРТ» театр студиясы әдеби шығармаларды иммерсивті театр жанрында жандандырды. Бұл жас көрермендерге қатты ұнап, оларды ерекше қуанышқа бөледі.

Бас қаладағы №8 көпшілік кітапханада Ұлттық кітап күніне орай өткен «Book Day: оқы, ойлан, бөліс» атты әдеби-танымдық іс-шара ашық диалог алаңы форматында ұйымдастырылды. Осы кітапхана меңгерушісі Жанна Айдарбекованың айтуынша, іс-шараның мақсаты – жастардың көркем әдебиетке қызығушылығын арттыру, өскелең ұрпақ арасында кітап оқу мәдениетін қалыптастыру және оқырмандар арасында еркін пікір алмасуға мүмкіндік беретін алаң құру.

Ал №6 көпшілік кітапханада «Кітап достарды табыстырады» атауымен ашық есік күні ұйымдастырылды. Кітапхана оқырмандары күні бойы осы кітап ордасының тынысымен танысып, арнайы ұйымдастырылған экскурсияға қатысты. Кітап көрмесі ұсынылып, жұрт жаңа әдебиеттермен жақынырақ танысуға мүмкіндік алды. Сонымен қатар қатысушылар интеллектуалдық ойындарға қатысып, кітап жайында өзара пікір алмасып, әсерлерімен бөлісті.



№10 көпшілік кітапхана «Мен оқыған қазақша кітап» айдарымен оқырмандар арасында ерекше челлендж бастады.

Ең үлкен іс-шара бүгін Еркеғали Рахмадиев атындағы Мемлекеттік академиялық филармонияның камералық залында ұйымдастырылады. «Кітап – білім көзі, кітапханашы – оның тірегі» атауымен өтетін мәдени-танымдық кештің ауқымы кең. Ол кітап оқу мәдениетін дамыту, қоғамда кітаптың рөлін арттыру, сондай-ақ кітапханалардың заманауи ақпараттық-мәдени орталық ретіндегі маңызын кеңінен насихаттау мақсатында өтеді. Бұл – рухани құндылықтарды дәріптеуге, кітап оқу мәдениетін жаңғыртуға және қоғамдағы зияткерлік әлеуетті арттыруға бағытталған маңызды мәдени бастамалардың бірі. Бағдарлама мазмұнды әрі көпқырлы форматта жоспарланған. Атап айтқанда, ауқымды кітап көрмесі ұйымдастырылып, көпшілік назарына отандық және әлемдік әдебиеттің жаңа басылымдары мен сирек кітаптар, мерейтойы биылға түсіп тұрған қаламгерлердің шығармалары ұсынылады. Көрмеге қойылатын кітаптар саны 300 данадан асады. Іс-шараның негізгі бөлігі – үздік оқырмандарды салтанатты марапаттау рәсімі. Бұл бастама кітап оқуға қызығушылықты арттыруға және белсенді оқырмандарды ынталандыруға бағытталған. Жеңімпаздар «Жылдың үздік оқырманы», «Ең үздік бала оқырман», «Кітапқұмар студент», «Үздік отбасылық оқырман», «Креативті оқырман», «Кітапхана жанашыры» аталымдары бойынша анықталады.

Тағы бір атап өтерлігі, елімізде «Кітап оқитын ұлт» жобасы қолға алынды. Бұл – халық арасында тұрақты оқу мәдениетін қалыптастыруға, сыни және талдамалық ойлауды дамытуға, сондай-ақ кітапты барлық жас және әлеуметтік топтар арасында білім көзі ретінде танымал етуге бағытталған ауқымды зияткерлік-ағартушылық бастама. Жоба еліміздің рухани жаңаруы мен зияткерлік даму стратегиясының құрамдас бөлігі ел Президентінің «Кітап оқитын ұлт» тұжырымдамасы шеңберінде іске асып жатыр. Жобаның алты бағыты негізгі жас және әлеуметтік топтарды қамтиды. Оқушылар «Кітап оқитын мектеп» бағыты арқылы қатысады. Мұнда 6-10-сынып оқушылары оқыған кітаптары негізінде викториналарда жарысады. Колледж және ЖОО студенттері «Кітап оқитын колледж» және «Кітап оқитын университет» бағыттары арқылы тартылады. Бұл бағыттарда пікірталастар ұйымдастырылады. Педагогтар «Кітап оқитын педагог» бағыты аясында командалық интеллектуалдық квиздерге қатысады. Отбасылар «Кітап оқитын әулет» бағыты арқылы қатысып, түрлі квиздерде бақ сынайды. Мемлекеттік қызметшілер «Кітап оқитын мемлекеттік қызметші» бағыты бойынша квиздерде жарысады. Әрбір санат үшін 15 шығармадан тұратын арнайы тізімдер жасақталған. Бұл тізімдерде қазақ классикасы мен әлемдік бестселлерлер үйлесімді түрде қамтылған. Жобаны одан әрі дамыту мақсатында «Кітап оқитын ұлт – Читающая нация» қоғамдық қоры жанынан қамқоршылық кеңесі құрылды. Байқаудың финалдық кезеңі осы сәуір айында өтеді. Қорытындысында өңірлердің үздік оқырмандары анықталады. Ал алдағы мамыр айынан бастап жоба республикалық деңгейге шығады. Оған 1 миллионнан астам қазақстандық қатысады деп күтілуде.

Туризм және спорт министрі Ербол Мырзабосынов Бурабай мен Қапшағайдан бөлек, еліміздің бірқатар өңірлерінде жаңа казинолардың ашылуы мүмкін екенін мәлімдеді. Атап айтқанда, бұл бастама Маңғыстау облысындағы Каспий теңізі жағалауын, Панфилов ауданындағы Алакөл маңын, сондай-ақ Жетісу, Алматы және Шығыс Қазақстан облыстарын қамтымақ. Мәлімдеме сол кезде қоғамда бірден қызу пікірталас туғызды.



ҚҰМАР ОЙЫНЫ ҚҰРДЫМҒА КЕТІРМЕЙ МЕ?

Шапағат ӘБДІР

Бір тарап аталған нысандарды туризмді дамытуға серпін беретін, инвестиция тартатын жоба ретінде қолдаса, екінші тарап оның әлеуметтік салдарына алаңдаушылық білдіріп отыр. Әлеуметтік желілерде «керек» деген де, «қажет емес» деген де көзқарастар қатар айтылып, мәселе қоғамдық талқылаудың өзегіне айналды. Осы жағдайда біз де бұл тақырыпқа бейжай қарай алмадық. Қоғамдағы алаң мен сұрақтарды ескере отырып, министрлікке ресми сауал жолдап, казино ашудың пайдасы мен ықтимал зиянына қатысты жан-жақты сараптама жасауды жөн санадық. Әрине, біз мемлекеттің дамуына, экономиканың өсуіне және инвестиция тартуға қарсы емеспіз. Керісінше, Отанымыздың болашағы үшін салынған әрбір инвестиция ел игілігіне қызмет етіп, нақты нәтиже берсе екен деп тілейтін азаматтардың қатарындамыз. Жаңа бастамалар мен жобалар қоғамға серпін беріп, жұмыс орындарын ашып, өңірлік дамуға жол ашуы тиіс деген ұстаным біздікі. Алайда кез келген инвестицияның экономикалық тиімділігімен қатар, оның әлеуметтік, моральдық және ұзақ мерзімді салдары да ескерусіз қалмауы керек. Өйткені мемлекеттің тұрақты дамуы тек қаржы көлемімен емес, қоғамның рухани ахуалымен, азаматтардың әл-ауқатымен және болашақ ұрпақтың қауіпсіздігімен өлшенеді. Сондықтан да шығар зиялы қауым өкілдері оның ішінде ақындар бұл хабарламаға бірінші болып қарсы шықты.

ОЙРАН БОЛУ ОЙЫНЫ МА?

– Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаевтың: «Қазақстан жаңғырудың жаңа кезеңіне қадам басты» атты «Түркістан» газетіне берген сұхбатында мынадай Ұлттық бағдарламаға айналуға тиісті сөйлемдер бар: «Мен Президент ретінде «Таза Қазақстан» акциясын алдағы уақытта да ерекше назарда ұстаймын... Өйткені тазалық дегеніміз – мағынасы терең, мазмұны сан қырлы ұғым. Тазалық ұғымы – жан дүниенің де, жер дүниенің де тоқырауын емес, гүлденуін, кіршіксіз таза болуын білдіреді. Түптеп келгенде, тазалық ұлт болмысының өзегіне айналуға тиіс». Шынында, тазалық атты ұғым, ең әуелі, рухани тазалыққа тәуелді. Ал рухани тазалық елің мен жеріңді таза сақтаудан басталады. Жеке тұлғаның немесе ұлттың бойына бұл ұғымды сіңіру күресі, билік – қас қақпай күзететін, бас бақпай күресетін қасиетті іске айналуы тиіс! Әйтпесе «хан екі сөйлесе, қадірі кетедінің» кебі болмақ. Ендеше неге осынау «таза қазақстандықтар» жеріміздің әулиелі нүктелеріне «казино саламыз» деп дүрлігіп жүр?!

Казино – шайтанның ұйығы. Ол – басы сайран, аяғы ойран кесапат, яғни қасірет ұясы! Сонда, қасиетордамызды қасірет-қордасына айналдыруға құштарлардың құлқын сұранысына ғана бола, бүгініміздің базарын, ертеңіміздің ажарын өз қолымызбен ойрандауымыз керек пе?!

Ата-қазақтың ашынғанда айтқан тағы бір сөзі бар еді: «Ажалды теке шопанның таяғына мүйізін үйкепті» деген. Ендеше «ажалды текелер» де ойлансын, біз ешқашан «әулиесі қойдай шулаған» қастерлі топырағымызға ендігі жерде сайтанның тойын жасатпаймыз!

Мен өткен жылы да тап осы мәселе жөнінде Президентке бейне-мәлімдеме жасағанмын. Оған ресми түрде жауап болмаса да ел-жұрт тарапынан аса зор қолдау көрдім. Бұл жолы да ұлт-ұрпағының ертеңінен үміті бар кез келген адамның үн қатпай қалмасы анық. Ақсақал-қарасақалдар бастаған сан мыңдаған жандардан қол жинауды білмей немесе қиынсынып отырғам жоқ, егер мына «ойын» тоқталмаса, олардың ойындары осылғанша әрекет етеріміз анық! – дейді Отан орденінің, ҚР Мемлекеттік сыйлығының иегері, ақын Светқали Нұржан.

КАЗИНОМЕН ҚАЗЫНА ҚАЛАЙ ТОЛМАҚ?

Бұл мәселе турасында егжей-тегжейлі сараптап көрмекке біз де Министрлікке сауал жолдадық. Жолдаған ресми сауалымызда біз ең әуелі хабарларда айтылған 500 жұмыс орны нақты қандай мамандықтарды қамтитынын тарқатып беруді сұрадық. Бұл сауалға Қазақстан Республикасы Туризм және спорт министрлігінің Ойын бизнесін және лотореяны реттеу комитеті жауап берді. Комитет төрағасының орынбасары Ғалымжан Мұстафаев мәлім еткендей, аталған жұмыс орындарының қатарында казино ойындарын жүргізуші дилерлер, аспаздар, даяшылар, қауіпсіздік қызметкерлері, әкімшілік және техникалық персонал, сондай-ақ қызмет көрсету саласындағы өзге де мамандар бар. Сонымен бірге министрлік өкілі бұл жұмыс орындарын ең алдымен жергілікті тұрғындармен қамту көзделіп отырғанын атап өтті.

Сондай-ақ біз казино индустриясын кеңейту туралы шешім қабылданғанда ұлттық мүдде мен қоғамдық құндылықтарға оның ықпалы қандай деңгейде бағаланғанын, әрі Қазақстан бұл салада қандай халықаралық тәжірибелерге сүйеніп отырғанын да нақтыладық.

– Жаңа ойын аймақтары шетелдік туристерге қызықты жерлерде орналасады. Ойын нысандары туристік аймақтардың дамуына оң әсер тигізеді. 2024-2025 жылдары сол өңірлердің әкімдіктері ойын аймақтарды ашудың экономикалық талдау жүргізді. Талдаудың нәтижелері бойынша Маңғыстау облысында 2029 жылға дейін салық түрде 2 млрд теңге әкеледі, 148 мың шетелдік туристерді тартады және жергілікті халыққа 7 мыңға дейін әртүрлі салаларда жұмыс орындармен қамтамасыз етеді. Басқа өңірлерде де талдау нәтижелерінің көрсеткіштері осыған ұқсас. Мұндай тәжірибе әлемде кең қалыптасқан, мәселен, БАӘ (Дубай), Оңтүстік Кореяда, Вьетнамда және тағы басқа елдерде ойын нысандары тек шетелдіктер үшін жұмыс істейді, Сингапурда жергілікті тұрғындар казиноға кіру үшін үлкен жарна төлейді, ал шетелдіктер тегін кіреді, – дейді Туризм және спорт министрлігінің Ойын бизнесін және лотореяны реттеу комитеті төрағасының орынбасары Ғалымжан Мұстафаев.

ЖҮЙЕЛІ ЗЕРТТЕУ ЖҮРГІЗІЛГЕН БЕ?

Бізді алаңдатқан тағы бір мәселе – мұндай жобалардың қазақ қоғамының дәстүрлі дүниетанымына ықпалы және туристер ағынына қатысты нақты болжамдардың баржоғы еді. Министрлік бұл тұрғыда нақты сандарды сөйлетіп «2029 жылға қарай Маңғыстау облысы бойынша шамамен 148 мың шетелдік турист, Жетісу облысындағы ойын аймағына келушілер саны жылына шамамен 36 мың туристке дейін өседі, ал Алматы облысы бойынша 20 мың туристке дейін жетеді» деп сенімді.

Бұл ретте құмар ойындардың қоғам санасына, әсіресе жастардың мінез-құлқына ықпалына қатысты арнайы зерттеулердің жүргізілген-жүргізілмегенін де назардан тыс қалдыруға болмайды. Алайда министрлік құмар ойындардың қоғам санасына және жастардың мінез-құлқына ықпалы бойынша арнайы зерттеу жүргізбеген. Себебі жаңа ойын аймақтары тек шетелдік туристерге арналған болғандықтан, жастар ол ойын нысандарына кірмейтін болады деп отыр. Бірақ бұл қаншалықты нанымды. Тіпті мұндай жобалар іске асқанда туризмнің өзге бағыттары – тарихи-мәдени нысандар, музейлер мен экотуризм тасада қалуы да мүмкін ғой. Әрине, ведомствоның ондайда шетелдіктерге арналған ойын аймақтары туризмнің басқа салаларына кедергі келтірмей, керісінше кешенді туристік инфрақұрылымның дамуына жол ашады деп пайымдайтыны анық.

Ал казино бизнесі көлеңкелі экономика мен қаржылық қылмыстарға жол ашпай ма деген сауалымызға жауап ретінде министрлік ойын бизнесінің қаржы мониторингі субъектілерінің қатарына кіретінін еске салды. Қолданыстағы заңнамаға сәйкес, казино ұйымдастырушыларының қызметі уәкілетті орган тарапынан тұрақты бақылауда болады екен-мыс.

БЮДЖЕТ ЕСЕБІНЕН БЕ, ИНВЕСТОРЛАР САЛА МА?

Жалпы министрлік казино салуды Ұлттық мәдениетті коммерцияландыру қаупінен гөрі экономикалық табыс әкелетін мүмкіндік ретінде қарастырады. Себебі ведомство дерегінше, шетелдік турист Қазақстанда орта есеппен 1 000 АҚШ долларын жұмсайды. Ал ойын аймақтары тек казино нысандарымен шектелмей, басқа да туристік нысандармен қатар дамиды деп жоспарланған.

Егер аталған орындарда казино салу жүзеге асып жатса, ондағы инженерлік және коммуникациялық желілер республикалық бюджет есебінен, ал қонақ үйлер, медицина және өзге де сервистік нысандар инвесторлар қаражатына салынбақ.

ЭКОЛОГИЯҒА ЗИЯНЫ БОЛМАЙ МА?

Экологиялық тұрғыдан алғанда, Каспий жағалауы мен Алакөл сияқты стратегиялық маңызы бар аумақтарда ойын аймақтарын орналастыру ұлттық табиғи мұраға зиян келтірмейтін қағидаттарға негізделеді. Министрлік мұндай тәжірибенің халықаралық деңгейде кең қолданылатынын және Қазақстанда да осы үлгі ұстанылатынын атап өтті.

Сондай-ақ ведомство бұл бастамаларға қатысты қоғамдық пікірдің ескерілгенін алға тартты. Жүргізілген сауалнамалар нәтижесіне сәйкес, Маңғыстау облысында тұрғындардың 46 пайызы жобаларды қолдаса, 41 пайызы қарсы пікір білдірген. Жетісу облысында респонденттердің 67 пайызы қолдау танытқан, ал Алматы облысында бұл көрсеткіш 54,5 пайызды құраған.

КІСІКИІК


> Бірде өмірдің ыстық-суығынан өткен Үсен Асқаров Майлықожаның мына бір «Баянды дәулет тұта алмас, Баласы тілін алмаған» деген екі шумағына байлаған ойды ширатып еді.

Айгүл УАЙС

Ұлы бабамыздың бұл сөздері өз заманынан гөрі болашаққа қаратылған сөздер сияқты көрінеді. Батыстық индивидуализм «менің еркіндігіме, ісіме, жоспарыма, мақсатыма, жеке кеңістігіме қол сұқпа» деген идеология әке мен баланы, аға мен інімі, қала берсе бір әулет өкілдерін бір-бірінен алшақтатып, арасын суытып жіберді. Балалар әкемен ақылдасу былай тұрсын, не істеп, не қойып жатқанын айтуды да қойды.

Әйел эмансипациясы индивидуализммен қабысып, патриархаттық – ғасырлар бойы қалыптасқан бабалар жолына еңсірете берілген соққы болды. Көпшілік осылай «баянды дәулет тұта алмай» жүр деді.

Жасыратыны жоқ, кеңестер кеңістігінде өскендер, «жалғыз өзің жол тапқанша, көппен бірге адас» деген сөздің ығында жүргендер үшін тәтті арманының бірі индивидуализм болатын. Саптан суырылып шығып, өзіміздің еңсемізді тік көтеріп, тұлғалық ой-өремізді көрсетуден ығып, ішімізден тынып жүруші едік. Сөйтіп жүргенде, батпандап енген индивидуалистік қоғамның қайнаған қазанында жанымыз шыжғырылып жатқанын бір-ақ білдік. Жаратылысынан жеті жұртының қамын жеп, ұжымшылдыққа, жақынын жауға бермейтін ағайын-туыс, аға-қарындас жат болып барады. Шамадан тыс индивидуализм жаттық пен жалғыздыққа, сондай-ақ әлеуметтік оқшауланға алып келеді екен.



Қауымдастықтың жан-жағындағы жандарға жылуы болмаған соң, жеке адамның пенделігі тасып, астамшылығы асып, өзімшілдігі өседі.

Құдай бетін әрі қылсын, ел басына күн туса толарсақтан саз кешетіндер аз болады, олар өздерінің жеке мүддесін қауымдастықтың мүддесінен жоғары қойып, ортақ құндылықтардан бас тартып, басын күйттеп кетуі әбден мүмкін.

Көзсіз индивидуализм шел болып басқанда, сүйіп алған жарымен бірге өмір сүре алмайтын халге жеткіземіз. Ажырасу азаймай тұр дейміз, оның бір ұштығы осында жатқан жоқ па екен?! Ол ол ма, өзімшіл, өркөкірек өзгелермен орнықты қарым-қатынас орнатудан, сыйластықтан қалдырады. Өйткені жеке табыс пен тәуелсіздік өзара көмек пен ынтымақтастықтан гөрі қара басының қамына қарай ойысады. Ақырында адамның ішкен асы бойына бітпей, өмірдің мәнін жоғалтып, жүрегін жалғыздық жайлап, рухани торығуға түседі. Айналасымен байланысы үзілген адам стреске, алаңдаушылыққа бейімдеу келеді. Оның себебі де бар, елден озық болу үшін жанын салып, артық жұмыс істейді, желдің ығына емес, қарсы жүріп те шаршайды, ешкімге қайыр болмаған соң, өзі де кісіден қолдау күтпейді. Мұның бәрі психикаға салмақ.

Жалпы индивидуализмнің кез келген басқа көзқарас сияқты оң және теріс жағы бар. Шамадан тыс индивидуализмнің жағымсыз салдарын болдырмау үшін жеке ұмтылыс пен әлеуметтік жауапкершілік арасындағы теңгерімді табу маңызды дейді білетін жұрттар. Ал біз «алтын ортасын» біліп жүрміз бе?..

№47 (4945) 23/04/2026 Бейсенбі

ДҮЙСЕНБІ

27 СӘУІР

QAZAQSTAN

5:30 Әнұран
5:35 «Көңіл толқыны»
6:00 «Күйеу бала» телехикаясы.
7:00 «TAŃSHOLPAN»
9:00 «Қыздың жолы» телехикаясы.
10:10 «Сезім мен серт» телехикаясы.
12:10 «ҚЫЗЫҚ ЕКЕН...»
13:10 «СОҢҒЫ ОЙЫН» телехикаясы.
14:20 «Апта»
15:00 «Ақорда»
15:15 «Әндер мен жылдар»
15:40 «Жаңа қоныс» телехикаясы.
17:00 АҚПАРАТ
17:20 «ҚАЗІР АЙТАЙЫҚ»
18:00 «СЕЗІМ МЕН СЕРТ» телехикаясы.
20:00 АҚПАРАТ
20:30 «ГҮЛДЕР СЫРЫ» телехикаясы.
21:25 «ҚЫЗДЫҢ ЖОЛЫ» телехикаясы.
22:20 «АШЫҚ АЛАҢ»
23:10 «1001 ТҮН»
0:40 «Қазір айтайық»
1:30 «Ашық алаң»
2:25 «Күйеу бала» телехикаясы.
3:15 «Қызық екен...»
3:55 «Тұлға» деректі фильмі
4:25 «Әндер мен жылдар»

5:00 Телехикая «Фатмагүл»
7:00 «Оян!»
9:00 «Әлеумет»
9:30 «Көзқарас»
10:00 Телехикая «Эшрефтің арманы»
12:00 «Cover show»
14:00 Мультсериал «Барбоскины»
15:00 Комедия «Ну что, приехали?»
17:00 Телесериал «Мечта Эшрефа»
19:00 Новости
19:30 Комедия «Нам всем конец»
21:00 Сборник «Cover show»
21:30 Жаңалықтар
22:00 «КешREC»
23:00 Телехикая «Эшрефтің арманы»
1:00 Телехикая «Фатмагүл»

ASTANA TV

06.00 «Келіндер» телехикаясы
07.00 «Қош келдіңіз» телехикаясы
08.20 «Еркектерге қарсы» телехикаясы
09.00 «Үкім 2» телехикаясы
10.00 «Қорғансыздар 2» телехикаясы
11.25 «Еркектерге қарсы» телехикаясы
12.10 «Бишарашки» х/ф
14.10 «Зу-зу Күлпаш 3» телехикаясы
15.35 «Ана» телехикаясы
